



« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж./г.

№ \_\_\_\_\_

## Аудиторлық есеп

Қызылорда қаласы

2025 жылғы «28» наурыз  
№2 дана

### I. Кіріспе бөлік

**1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** «Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекемә) Қызылорда облысы Әділет департаменті Қармақшы ауданаралық әділет басқармасында 2023 жылдың 17 қаңтарында қайта мемлекеттік тіркеуден өткен. БСН 060140012611.

**1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «Жалағаш ауданының 2024 жылға аудандық бюджетінің жоспарлануы мен атқарылуының тиімділігіне мемлекеттік аудит».

**1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:** «Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес аудандық бюджеттің жоспарлануы мен атқарылуының тиімділігіне мемлекеттік аудит».

**1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні:** Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының, Даму бағдарламасының негізгі көрсеткіштерінің орындалуына, аудандық бюджеттің түсімдері мен шығыстарының жоспарланып атқарылуына, жасалған бюджеттік есептілік пен жүргізілген бюджеттік мониторингке аудит жүргізу.

**1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі:** Тиімділік.

**1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы:** Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының Мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспектор-мемлекеттік аудиторы Умаров Рахымжан Серикбаевич.

**1.7. 2024 жылғы 12 ақпандағы №13.1-2-Т Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қордабай Нұрғали Рахымшаұлының мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырмасы.**

**1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2024 жылдың 01 қаңтар 2024 жылдың 31 желтоқсан айын қоса алғандағы кезең аралығы.

**1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2025 жылдың 17 ақпан - 07 наурыз айы аралығы.

**1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:** Мемлекеттік аудит «Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Маратқызы Нұрсұлудың келісімімен және басқа да жауапты қызметкерлердің қатысуымен жүргізілді.

Аудитпен қамтылған аралықта қаржы жұмсау құжаттарына бірінші қол қою құқығы аудитпен қамтылған аралықта бүгінгі күнге дейін Маратқызы Нұрсұлуда берілген, екінші қол қою құқығы аудитпен қамтылған аралықта бүгінгі күнге дейін Мубарак Дана Еркінқызы берілген.

**1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:** Жоқ.

**1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:**

«Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2023 жылдың 01 қаңтар - 2023 жылдың 31 желтоқсан айын қоса алғандағы кезең аралығына «Жалағаш ауданының 2023 жылғы аудандық бюджетінің жоспарлануы мен атқарылуы, аудан бюджетіне түсетін түсімдердің толықтығы мен уақытылығына, жергілікті бюджетке қате (артық) төленген соманың қайтарылуына, есепке алудың дұрыстығына мемлекеттік аудит» Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспектор-мемлекеттік аудитору Сейлбекова Куралай Садуақасовна аудит жүргізген.

Аудит нәтижесімен:

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының №95-IV кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 79-бабының 2-тармағының «жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджет туралы заңды және жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулылары (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімі) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппаратына, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне – бюджеттің уақтылы атқарылуын қамтамасыз ету жөнінде, ...тапсырмаларды көздейді.» - деген талабы сектор меңгерушісінің тарапынан сақталмай, «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №30-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 27.12.2022 жылғы №268 қаулысында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппаратына, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне – бюджеттің уақтылы атқарылуын қамтамасыз ету жөнінде, жергілікті атқарушы органдарға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппаратына жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер мен кредиттерді пайдалану бөлігінде тапсырмалар көзделмегені анықталды.

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының №95-IV кодексінің 45-бабының 4-

тармағының «Ағымдағы қаржы жылы ішінде аудандық бюджет пен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемдерін өзгертуге жол берілмейді» - деген талаптары сектор меңгерушісінің тарапынан сақталмай, Жалағаш аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №30-2 шешімімен 452-038 «Субвенциялар» бюджеттік бағдарламасынан 2023 жылға 1593570,0 мың теңгеге бекітілген аудандық бюджеттен кент пен ауылдық округ бюджеттеріне берілетін жалпы сипаттағы трансферттер көлемінің Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 03 мамырдағы №2-2 шешімімен кент пен 12 ауылдық округтер арасында көлемдері өзгертіліп бекітілгені анықталды.

«Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2021 жылғы 1 шілдедегі №633 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің заттай нормаларының реттік саны 1.3.3; 2.2.3; 3.3; 4.2. жолдарына сәйкес қызметкерлерді Кеңсе керек-жарақтары мен басқа да шығыс материалдарымен қамтамасыз ету нормаларының Жалағаш аудандық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің тарапынан сақталмауы салдарынан 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік өтінімдерінде кеңсе керек-жарақтарын бекітілген заттай нормадан асырып 5945,9 мың теңге қаржының тиімсіз жоспарланғаны анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» 11-тармағының талаптары есепші мамандардың және бюджеттік өтінімдерді қабылдаған статист маманның тарапынан сақталмай, 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік өтінімнің мұқабасына 14 бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес рәсімделмегені анықталды. Атап айтқанда, «Жалағаш аудандық мәслихат аппараты» КММ-нің, «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» КММ-нің, «Жалағаш аудандық қаржы бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық жер қатынастары» КММ-нің, «Жалағаш аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» КММ-нің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік өтінімінің, 2023 жылға арналған қосымша бюджеттік өтінімінің мұқабасында міндетті түрде көрсетілуге жататын жауапты орындаушының лауазымы, жұмыс телефоны көрсетілмегені анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» 69-тармағының талаптары есепші мамандардың және бюджеттік өтінімдерді қабылдаған статист маманның тарапынан сақталмай, 14 бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік өтінімінің түсіндірме жазбасында қамтылатын ақпараттар жазылмағаны, тек жұмсалатын қаржылардың бағыттары мен сомаларын жазумен шектелгені анықталды. Атап айтқанда, «Жалағаш аудандық мәслихат аппараты» КММ-нің, «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» КММ-нің, «Жалағаш аудандық қаржы бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық жер қатынастары» КММ-нің, «Жалағаш аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» КММ-нің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік өтінімінің түсіндірме жазбаларында есепті қаржы жылындағы қол жеткізілген нәтижелер көрсеткіштерінің, орын алып отырған проблемалардың ағымдағы жай-күйінің, жағдайды жақсарту және проблемаларды шешу, мемлекеттік органның даму жоспарының жобасында айқындалған мақсаттарға және жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдарының, бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен жоспарланған түпкілікті нәтижелерінің сипаттамалары көрсетілмей, тек жоспарланған қаражаттың ерекшеліктер бойынша жұмсалуды мен сомалары ғана көрсетілгені анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» 41-тармағының «Жоспарланған шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы қаржы жылына арналған қызметтер көрсету, жұмыстар туралы шарттардың көшірмелері беріледі, шарттар болмаған жағдайда сатып алынатын қызметтер мен жұмыстардың әрбір түрі бойынша кем дегенде үш прайс-парақтары, ағымдағы қаржы жылына ағымдағы жөндеу бойынша дефекті актісі мен сметалық құжаттама қоса беріледі» және 47-тармағының «Қорлар мен негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлаған кезде есепке қорлар немесе негізгі құралдардың әрбір түрлері бойынша кем дегенде үш прайс-парақтар қоса беріледі»- деген талаптары бюджеттік өтінімді дайындаған мамандар тарапынан сақталмай, 5 бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік өтінімдерде сатып алынатын қорлар, қызметтер мен жұмыстардың әрбір түрі бойынша кем дегенде үш прайс-парақтары берілмегендігі анықталды.



«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының №95-IV кодексінің 4-бабының 12) тармақшасының талабы, бюджет жүйесінің «тиімділік қағидаты» сақталмай, 3 бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің тарапынан мемлекеттік сатып алуға қатысты мердігерлермен болған дауларға байланысты сотта өз істерінің дұрыстығын дәлелдей алмауынан және талап қою мерзімін өткізіп алғандықтан жеңіліп, мемлекеттік баж алымдары мен мердігерлердің қарыздарын өтеуге 2023 жылғы аудандық бюджеттің резервінің 99,3 пайызының, яғни 13461,6 мың теңге бюджет қаржысының тиімсіз жұмсалынуына әкеп соққаны анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 30.11.2016 жылғы №629 «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нұсқаулықтың 5, 6-тармақтарының талаптары сақталмай, аудит объектісі тарапынан жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің болжамды параметрлердің бірнеше нақтылаулар мен түзетулер енгізуге мүмкіндігі болса да, жоспарланған түсімнің түсуіне бақылау уәкілетті орган тарапынан өз деңгейінде жүргізілмеуінен 2023 жылы салықтық түсімдер 99,5 пайызға, салықтық емес түсімдер 210,9 пайызға орындалған, Ал 103 101 коды 95 пайызға, 104 101 коды 94,1 пайызға, 201 713 коды 75,8 пайызға, 201 910 коды 26,2 пайызға орындалуы салдарынан түсімнің орындалмауы фактілері орын алғаны анықталды.

Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 21-бабының, 1-тармағында «Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі – әкімдер) салық төлеуші - жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын, жер салығын жинауды ұйымдастырады»-деген талаптарын сақтамай, 2023 жылы аудандық бюджетке болжамдалмаған, 4-деңгейдегі кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсуі тиіс 104302 «Жер салығынан» 2828,1 мың теңге, 104401 «Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салықтан» 1991,5 мың теңге, 104402 «Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салықтан» 1231,4 мың теңге барлығы 6051,0 мың теңгенің салық төлемдері аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне қате түскені анықталды.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4-бап, 9) тармақшасының негізділік принципі сақталмай, түсетін түсімнің көзі жоқ бола тұра, 2023 жылға кірістер бөлігінде 201713 «Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» коды бойынша бюджеттік кредиттер шарт бойынша қарыз алушы тұлғаларға берілмесе де, салықтық емес түсімдер төлеушісі болмаса да, 2023 жылға 191,0 мың теңге тиімсіз жоспарланғаны анықталды.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет кодексі» Кодексінің, 4-бабының 12) тармақшасы «тиімділік қағидаты – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін

пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару» - деген талаптары сақталмай Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімі тарапынан 2641,8 мың теңге қаржы йгерілмей, бюджет қаражатының жоспарланған түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізілмегені және тиімсіз жоспарлағаны анықталды.

ҚР Қаржы министрлігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Ереженің 185-тармағына сәйкес мекеме тарапынан және өнім беруші арасындағы шарттарға сәйкес көрсетілген қызметтерден үнемделген, нақты төлемнен қалған қаржылардың жыл көлемінде алынған міндеттемеден босатпағандығы анықталды. Атап айтқанда «Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ тарапынан 206,4 мың теңге (004-011-431 ерекшелігінен -0,2 мың теңге, 004-015-431 ерекшелігінен 1,0 мың теңге, 004-028-431 ерекшелігінен 5,2 мың теңге, 079-015-431 ерекшелігінен 200,0 мың теңге), «Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ тарапынан 011-015-159 ерекшелігінен 5,2 мың теңгені жыл көлемінде алынған міндеттемеден босатпаған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығымен бекітілген Ереженің 178-тармағы «Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі үшін аванстық (алдын ала) төлемге рұқсат етілмейді»- деген талаптары мекемелердің бухгалтерлік есепті жүргізетін мамандары тарапынан сақталмай, 151 ерекшелік бойынша коммуналдық қызметтерге алдын ала төлем жасау салдарынан 4 бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан 2024 жылдың 01 қаңтарына 128,3 мың теңгенің дебиторлық қарыздарының құралуына жол бергені анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 01 тамыздағы №468 «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Қағидаларының 9-тармағындағы «Мемлекеттік мекемелер қаржылық есептілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері белгілеген және олар қаржылық есептілікті беру күніне дейін мемлекеттік мекемелерге жеткізген мерзімдерде ұсынады»-деген талабы Жалағаш ауданы әкімі аппаратының бас инспектор-есепшісінің тарапынан сақталмай, жылдық бюджеттік, қаржылық есептілікті ұсыну мерзімі 2024 жылдың 22 қаңтарына дейін тапсыруы тиіс болса, 25.01.2024 жылы №02-3/119 шығыс хатымен 3 күнге кешіктіріп тапсырғаны анықталды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» бұйрығымен бекітілген Қағиданың 118-тармағының «Мемлекеттік мекеменің кредиторлық және дебиторлық берешектері активтер мен міндеттемелерді тану өлшемдерін сақтаған кезде актив немесе міндеттеме

ретінде танылады» - делінген талаптары есепші мамандардың тарапынан сақталмай, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары» бұйрығымен бекітілген Қағиданың 4-тармағындағы «Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады» - деген талабы бұзылып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Қағиданың 1-тармағының 1-тармақшасымен бекітілген нысандағы 2023 жылдың 31 желтоқсанына «Қазақтелеком» АҚ-мен жасалған салыстырмалы актісінде «Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарапынан 26,4 мың теңгенің дебиторлық қарыздары, «Жалағаш аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарапынан 31,3 мың теңге кредиторлық берешегі 2023 жылдың 31 желтоқсанына жасалған Бухгалтерлік баланста көрініс таппағаны, берешектерді жасыру арқылы бұрмаланған қаржылық есептілік жасауға әкеп соққаны анықталды.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары-Қаржы министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №344 «Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Қағиданың 7-тармағының талаптары есепші маманның тарапынан сақталмай, «Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ тарапынан 2023 жылғы берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілігі, осы қағиданың 1, 2, 3, 4, 5 нысандарына сәйкес тапсырылмағандығы анықталды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы 2024 жылдың 16 мамырдағы №24 нұсқама жолданып, «Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан 2024 жылдың 11 маусымдағы №08-2/1505 санды хаттарымен жауап берілген. (2024 жылғы 02 сәуірдегі аудиторлық есеп).

Тексеру комиссиясының бақылауда тұрған Аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтары жоқ.

## **II. Негізгі бөлік**

### **2.1. Аудит бағдарламасын ашу:**

#### **2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атауы:**

##### **Тиімділік аудитін жүргізу:**

1. 2024 жылғы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің орындалуы;

2. 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарымен бекітілген 2024 жылғы нысаналы индикаторларының іске асырылуы;

3. 2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджеттің бекітілуі, нақтылануы және түзетілуінде Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі принциптеріне негізделуі (бюджет кірістерінің болжамдалуы, бюджеттік өтінімдер мен бюджеттік бағдарламалардың әзірленуі);

4. Аудандық бюджетке түскен түсімдердің атқарылуын бағалау.

4.1. Салықтық түсімдерді талдау;

4.2. Салықтық емес түсімдерді талдау;

4.3. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді талдау;

4.4. Трансферттер түсімдерін талдау;

5. Жергілікті бюджет шығыстарының бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша атқарылуы мен тиімділігін бағалау;

6. Бюджеттік инвестициялық жобалардың жоспарлануы мен атқарылу тиімділігін бағалау;

7. Мемлекет активтері мен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдалану тиімділігін бағалау;

8. Дебиторлық және кредиторлық берешектерді талдау;

9. Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің жылдық қаржылық және бюджеттік есептіліктің белгіленген уақыттарда қабылдануы, дұрыстығы, талдау жасалуы, тиісті органдарға тапсырылуы.

**Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде жүйелі кемшіліктерге, бюджет қаражатын және активтерді тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға, нәтижелерге қол жеткізбеуге байланысты, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің жіберіп алынған пайдасы мен экономикалық шығындарын бағалауды қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісі қызметіндегі өзге де проблемалық мәселелер бойынша бұзушылықтарға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау:**

**Тиімділік аудитін жүргізу:**

**1. 2024 жылғы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің орындалуы.**

Жалалғаш ауданы — Қызылорда облысының орталық бөлігіндегі әкімшілік бөлініс. Аудан Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен 1939 жылы 17 қазан күні құрылған. Жер көлемі – 2 873 640 гектар. Аудан батысында Қармақшы, шығысында Сырдария аудандарымен, теріскейінде Ұлытау облысы Ұлытау ауданымен, түстігінде Өзбекстан Республикасымен шектеседі. Аудан үстімен батыстан шығысқа, шығыстан батысқа қарай халықаралық теміржол магистралы, автотрасса өтіп жатыр және «Сырдария» өзені ағуда. Жері негізінен жазық.

Ауданда 15 әкімшілік округі бар, халық саны 35 930 адам (2025 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша).

2024 жылғы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің орындалуы төмендегідей қалыптасқан. Атап айтқанда:

Өнеркәсіп көрсеткіші бойынша. Ауданның өнеркәсіп кәсіпорындары 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 37 953,6 млн.теңгенің өнеркәсіп тауарларын өндіріп, өнім көлемі өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 108,8 пайызды құраған. (2024 жылы ауданға «Өркен Әлем» ЖШС-нің өнім өндіру есебінен бұл көрсеткіш артығымен орындалған.) Оның ішінде шикі мұнай мен газ өндіру 21 274,0 млн. теңгені құрап отыр, бұл жалпы өнеркәсіп өнімінің басым бөлігін, яғни 56,1 пайызын құрайды.

Ал өңдеу өнеркәсібінде 12 302,6 млн. теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 114,9 пайызды құраған. Бұл жалпы өнеркәсіп өнімінің 32,4 пайызын құрайды. Есепті кезеңде 3830,2 млн. теңгенің тамақ өнімдері, 338,6 мың теңгенің жеңіл өнеркәсіп өнімдері, 9,8 млн.теңгенің жихаздары және ағаштан жасалған бұйымдар, 1500,4 млн. теңгенің химия өнеркәсібінің өнімдері, 18,9 млн.теңгенің резеңке және пластмасса бұйымдары, 55,8 млн.теңгенің өзге металл емес минералдық өнімдері, 3466,0 млн.теңгенің басқа да өнімдері шығарылған.

Ал электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау 4007,9 млн. теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 98,6 пайызды құраған. Бұл жалпы өнеркәсіп өнімінің 10,5 пайызы.

Сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет 368,9 млн. теңгені құрап, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 221,6 пайызға артқан. Бұл жалпы өнеркәсіп өнімінің 0,9 пайызы.

Негізгі капиталға салынған инвестиция көрсеткіші бойынша. 2024 жылы меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар тарапынан ауданға негізгі капиталға 21359,0 млн.теңге көлемінде инвестиция салынған, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда өсім байқалып, 117,5 пайызды құраған. Инвестицияның басым бөлігі, яғни 14296,8 млн теңгесі – 66,9 пайызы жеке қаражат есебінен, 2069,2 млн.теңгесі яғни 9,7 пайызы республикалық бюджет есебінен, 4388,6 млн. теңгесі яғни 20,5 пайызы жергілікті бюджет есебінен, ал 2,8 пайызы, яғни 603,9 млн.теңгесі қарыздар (лизинг) есебінен қалыптасқан. Инвестицияның жұмсалыу бағытына келсек, 17341,5 млн.теңгесі құрылыстар мен ғимараттарды күрделі жөндеу, салу жұмыстарына, 3206,3 млн.теңгесі машиналар мен жабдықтар, көлік құралдарын алуға, күрделі жөндеуге, 810,9 млн.теңгесі негізгі капиталдардың өзге де шығындарына жұмсалған.

Өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдері көрсеткіші бойынша. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 2024 жылдың қаңтар - желтоқсан айларында 32 882,3 млн. теңгені құрап, өнімнің нақты көлемінің индексі өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен 104,7 пайызды құраған.

Мал шаруашылығында 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында меншіктің барлық нысандары бойынша 31111 бас ірі қара мал, оның ішінде 17742 бас сиыр, 31193 бас жылқы, 736 бас түйе, 23872 бас қой мен ешкі, 50 бас шошқа, 9779 құс өсірілуде, өткен жылдың салыстырмалы кезеңімен ірі қара мал 108,9 пайызға, жылқы 113,7 пайызға артып, түйе 89,1 пайызды, қой мен ешкі басы 76,6 пайызды құрап, түйе 90 басқа және уақ мал 7304 басқа азайған, шошқа 100,0 пайызды құраған.

Есепті мерзімде 4065,5 тонна ет, 5709,7 тонна сүт, 294,8 мың дана жұмыртқа өндіріліп, өткен жылдың салыстырмалы кезеңінен ет өндіру 100,0 пайызға, сүт өндіру 100,9 пайызға, жұмыртқа өндіру 121,3 пайызға артқан.

Егін шаруашылығында Жалағаш ауданына қарасты ауыл шаруашылығы құрылымдарының барлық нысандарында 2024 жылы барлығы 36 676 гектарға ауыл шаруашылық дақылдары егілген, оның ішінде негізгі дақыл күріш - 19800 га, бидай-770 га, күздік бидай-129 га, арпа – 40 га, мақсары - 665 га, қант құмайы – 200 га, соя-65 га, сұлы - 5 га, жаңа жоңышқа - 4850 га, ескі жоңышқа - 8091 га, картоп - 650 га, көкөніс - 1115 га және бақша өнімдері - 1296 га.

Күріштің әр гектарынан 57,3 центнерден өнім алынып, барлығы 118710 тонна өнім жиналды. Бидайдан 557,5 тонна, арпадан 16 тонна, сұлыдан 7,1 тонна, қант құмайынан 56,4 тонна, мақсарыдан 628,7 тонна, соядан 83,2 тонна, картоптан 11435,5 цн, көкөністен 23370,5 цн, бақшадан 12717,3 тонна өнім жиналды.

Әлеуметтік сала көрсеткіші бойынша. Ауданда тұратын 35930 адамның 14866-сы, яғни 41,4 пайызы экономикалық белсенді адам болып табылады. 2023 жылдың салыстырмалы кезеңімен 220 адамға көбейіп, 101,3 пайызға артқан, ал жұмыссыздар саны 8 адамға көбейгеніп, 758 адамды құраған, жұмыссыздық деңгейі алдын ала есеп бойынша 5,1 пайызды құраған. Жалпы ашылған жұмыс орындарының саны 1695 бірлік, 2023 жылмен салыстырғанда 328 бірлікке кеміп, 83,8 пайызды құраған.

Жергілікті бюджет кірісінің болжамы көрсеткіші бойынша. 2024 жылы кіріс 2 149 423,0 мың теңгеге, 2023 жылмен салыстырғанда 252 103,0 мың теңгеге артық жоспарланып, 2 156 484,3 мың теңгеге 100,3 пайызға асыра орындалған. Ал 2023 жылмен салыстырғанда жергілікті бюджет кірісі 245 097,9 мың теңгеге көбейген.

Жергілікті бюджет шығысының болжамы 12 216 764,9 мың теңгеге, 2023 жылмен салыстырғанда 1 368 579,6 мың теңгеге артық жоспарланып, 12 181 125,0 мың теңгеге, 99,7 пайызға орындалған, 35639,9 мың теңгеге игерілмеген.

Шағын кәсіпкерлік көрсеткіші бойынша. 2024 жылы ауданда 2937 бірлік субъекті тіркелген. Оның ішінде 2807 бірлігі, яғни 95,5 пайызы нақты жұмыс жасап тұрғандары. 2023 жылмен салыстырғанда субъектілер саны 64 бірлікке азайып, 97,8 пайызды құраған.

Тұрғын үй көлемі көрсеткіші бойынша. 2024 жылы халықтың қаражаты есебінен 28 919 шаршы метрді құрайтын 171 жеке тұрғын үй пайдалануға берілген, 2023 жылмен салыстырғанда 8240 шаршы метрге көбейіп, нақты көлем индексі 139,8 пайызға артқан.

Бөлшек сауда көрсеткіші бойынша. 2024 жылы ауданда бөлшек сауда айналымы 4 267,5 млн.теңгені құрап, 2023 жылмен салыстырғанда 319,7 млн. теңгеге артқан және нақты көлем индексі 101,5 пайызды құраған.

Құрылыс көрсеткіші бойынша. 2024 жылы ауданда 9711,0 млн.теңгенің құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілген. 2023 жылмен салыстырғанда 2758,0 млн.теңгеге артқан, нақты көлем индексі 135,7 пайызға артқан. Оның ішінде жеке меншік субъектілерімен 9711,0 млн.теңгеге құрылыс жұмыстары орындалған.

Қоғамдық қауіпсіздік көрсеткіші бойынша. 2024 жылы ауданда 113 қылмыс тіркелген. 2023 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз, 100,0 пайызды құраған. Ал көшеде жасалған 16 қылмыс тіркелген, 2023 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз. Ауданда болған жол-көлік оқиғалары да 2023 жылмен салыстырғанда 12 бірлікке азайған, 15 оқиға орын алған, салдарынан 4 адам қайтыс болған, 11 адам жарақат алған. Жол көлік оқиғаларынан қайтыс болған адам саны 2023 жылмен салыстырғанда 1 адамға көбейген, ал жарақат алғандар саны 29 адамға азайған.

Денсаулық сақтау саласы көрсеткіші бойынша. 2024 жылы ауданда 709 бала дүнеге келген. 2023 жылмен салыстырғанда туылған бала саны 21 балаға азайып, 97,1 пайызды құраған. Ал шетінеген бала саны 2023 жылмен салыстырғанда 4 балаға азайып, 2 бала шетінеген, 33,3 пайызды құраған. Жалпы аудандағы тіркелген өлім-жітім саны 195 адам, жаңадан пайда болған қатерлі ісік аурулардан болатын өлім-жітім саны 2023 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз, 16 адам қайтыс болып, 100,0 пайызды құраған. Ауданда туберкулезбен ауырған адамдар саны да 2024 жылы азайып 14 адам науқастанған, 2023 жылмен салыстырғанда 6 адамға азайған, 70,0 пайызды құраған.

Білім саласы көрсеткіші бойынша. 2024 жылы ауданда 3-6 жас аралығындағы 3701 бала 100,0 пайыз мектепке дейінгі білім ұйымдарында қамтылған. 2023 жылмен салыстырғанда қамтылған бала саны 1146 балаға артып, 144,8 пайызды құраған. Ал 2-6 жас аралығындағы 2508 баланың 94,8 пайызы мектепке дейінгі білім ұйымдарында қамтылған. 2023 жылмен салыстырғанда қамтылған бала саны 3,1 пайызға артқан.

Спорт саласы көрсеткіші бойынша. 2024 жылы ауданда бұқаралық спортпен тұрақты айналысатын адамдардың жалпы халық санына шаққандағы үлесі 2023 жылмен салыстырғанда 1 пайызға артып, 39,0 пайызды құраған.

Жоғарыдағы көрсеткіштерді саралай келе, Жалағаш ауданында жыл сайын экономиканың тұрақты дамуының тенденциясы байқалады деуге болады.

Імемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша Жалағаш ауданының әкімдігінің ресми сайты, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Веб-порталындағы ([stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)) статистикалық деректер қаралды.

Бағдарламаның 2024 жылғы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің орындалуы мәселесі тексерілді, бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

**2. 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарымен бекітілген 2024 жылғы нысаналы индикаторларының іске асырылуы;**

Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы №7 шешімімен «2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспары» бекітілген. Бекітілген даму жоспарына Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 9 желтоқсандағы №131 «2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы №7 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» шешімімен өзгерістер енгізілген.

Шешімге сәйкес, 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарының аудандар бөлінісіндегі нысаналы индикаторлары негізінде Жалағаш ауданына 9 нысаналы индикатор тиесілі.

2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарымен бекітілген нысаналы индикаторларының Жалағаш ауданы бойынша 2024 жылдың қорытындысымен 6 нысаналы индикатор орындалған және 3 нысаналы индикатордың орындалу мерзімі келмеген (статистикалық мәліметтер 2025 жылдың сәуір айында жарияланады).

Нысаналы индикаторлардың орындалу барысы төмендегі кестеде:

№	Нысаналы индикаторлар атауы	Өлшем бірлігі	базалық (бастапқы) мән	жоспар	нақты
1	НИ 1. Инновация саласындағы белсенділік деңгейі	%	стат. мәлімет	15,6	-
2	НИ 2. Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген ішкі туристер саны, млн.адам	адам	стат. мәлімет	3 500	-
3	НИ 3. Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келуші туристер саны, млн.адам	адам	стат. мәлімет	400	-
4	НИ 4. Негізгі капиталға инвестициялар (НКИ), ЖІӨ-ден %	млрд. тенге	стат. мәлімет	18,5	21,4
5	НИ 5. Мемлекеттік тілді меңгерген облыс тұрғындарының үлесі	%	ведом. мәлімет	95,5	100,0
6	НИ 6. Коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу кәдеге жарату үлесі	%	ведом. мәлімет	30,6	30,6
7	НИ 7. Бір адамға шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз ету	мың.ш.м	стат. мәлімет	28,9	28,9
8	НИ 8. 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен қамту	%	ведом. мәлімет	94,8	94,8
9	НИ 9. Инклюзивтік білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі	%	ведом. мәлімет	90,5	100,0

Даму жоспарымен бекітілген нысаналы индикаторлардың мерзімі келген 6 индикаторының барлығы да орындалған.

**Орындалу үстіндегі нысаналы көрсеткіштерге қысқаша анықтама.**

- Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген ішкі туристер саны 2024 жылдың 3 тоқсан қорытындысымен 2975 адамды құраған. Жылдық қорытынды 2025 жылдың сәуір айында шығады.

- Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келуші туристер саны 2024 жылдың 3 тоқсан қорытындысымен 152 адамды құраған. Жылдық қорытынды 2025 жылдың сәуір айында шығады.

- Инновация саласындағы белсенділік деңгейінің жылдық есебі 2025 жылдың наурыз айында шығады.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша даму жоспары, іс-шаралар жоспары, даму жоспарын іске асыру туралы есеп, Жалағаш ауданы әкімдігінің ресми сайты, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Веб-порталындағы ([stat.gov.kz](http://stat.gov.kz)) статистикалық деректер қаралды.

Бағдарламаның 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының даму жоспарымен бекітілген 2024 жылғы нысаналы индикаторларының іске асырылуы мәселесі қаралды. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

**3. 2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджеттің бекітілуі, нақтылануы және түзетілуінде Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі принциптеріне негізделуі (бюджет кірістерінің болжамдалуы, бюджеттік өтінімдер мен бюджеттік бағдарламалардың әзірленуі.**

Жалағаш ауданы 2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджетінің шығыстар лимиттерін айқындау туралы мәселелер аудандық бюджеттік комиссияның қарауына ұсынылып, талқыланған. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 65-1 бабына сәйкес әр бір бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша шығыстар лимиттері айқындалып, 2023 жылдың 1 мамырына дейін барлық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне айқындалған шығыстар лимиттері жолданған.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 66 бабына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға 2024-2026 жылдарға арналған бюджеттік өтінімдері 15 мамырына дейін тапсыруды түгел қамтамасыз етілген. Тапсырылған бюджеттік өтінімдер жинақталып, жиынтық тізбектеліп бюджет жобасын қалыптастыруға, аудандық бюджеттік комиссиясының қарауына ұсынылып отырған.

Бөлім Бюджет кодексінің 73-бабының 1-тармағына сәйкес 2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджеттің жобасын жасап, аудандық бюджет комиссиясының қарауына енгізген. 2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджеттің жобасы аудандық бюджет комиссиясында 2023 жылдың 20 қыркүйегінде қаралған.

«2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихаты шешімінің жобасы туралы» аудан әкімдігінің 2023 жылы

17 қазанда №190 қаулысы дайындалып, аудандық мәслихаттың қарауына 2023 жылдың 18 қазанында ұсынылған.

Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы сессиясының №12-2 «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешімімен:

1. 2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 9 561 595 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1 976 848 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3 840 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 17 250 мың теңге;

трансферттер түсімі – 7 563 657 мың теңге;

2) шығындар – 9 553 621 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – - 36 444 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 243 958 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу- 213 520 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо- 0;

қаржы активтерін сатып алу-0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер- 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 28 470 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 28 470 мың теңге;

қарыздар түсімі – 243 958 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 221 494 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0;

2024 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістерінің құрамында бөлу нормативі «төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» және «төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы»-50 пайыз, «әлеуметтік салық»- 50 пайыз болып белгіленген. Жергілікті атқарушы органның резерві 30 950,0 мың теңге көлемінде бекітілген.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің» №95-IV Кодексінің 13 бабында 1. Бюджет құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады: 1) кірістер: салықтық түсімдер; салықтық емес түсімдер; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер; трансферттер түсімі; 2) шығындар; 3) таза бюджеттік кредиттеу: бюджеттік кредиттер; бюджеттік кредиттерді өтеу; 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо: қаржы активтерін сатып алу; мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер; 5) бюджет тапшылығы (профициті); 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану): қарыздар түсімі; қарыздарды өтеу.

«2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске

асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің №245 қаулысы 2023 жылдың 29 желтоқсанында шығарылған.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта аудандық бюджет 5 рет нақтыланған.

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №251 «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы негізінде аймақта дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімді моделін қалыптастыру үшін 2024 жылы облыстың дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы мемлекеттік мекемесі құрылды.

Тұжырымдамада дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша бірнеше маңызды мәселелерді қамту қаралған. Нәтижеге қол жеткізу үшін облыста спортпен шұғылданудың жалпыға бірдей қолжетімділігі мен бұқаралық спортты, сондай-ақ туризм саласын дамытудағы бар мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін аудандардағы мәдениет және спорт, кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімдерінен дербес дене шынықтыру, спорт және туризм бөлімінің қайта құрылуына тапсырма беріліп тиісті жұмыстар басталды.

Осының негізінде аудан әкімдігінің 2024 жылғы 1 ақпандағы №15 «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» қаулысымен «Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі», «Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі», «Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып құрылуына байланысты, қайта ұйымдастырылған мекемелердің қаржыларын ҚР Қаржы министрлігінің Бірыңғай бюджеттік сыныптама талаптарына сәйкес қайта бағыттау жүргізілген. Атап айтқанда:

«Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылға бөлінген 1 357 107,0 мың теңгесі:

-«Жалағаш ауданның дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 343 604,0 мың теңгеге;

- «Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 1 013 503,0 мың теңгеге бөлініп бағытталған.

Сондай-ақ «Жалағаш ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 52 979,0 мың теңгесі «Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бағытталған.

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №244 «Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жалағаш қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» қаулысы қабылданған.

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 1 ақпандағы «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» №13 қаулысына сәйкес «Жалағаш кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Жалағаш қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басқару органы болып қайта белгіленген.

Осыған сәйкес «Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жалағаш қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген бюджетте берілген 50 000,0 мың теңге Жалағаш кенті әкімінің аппаратына «Елді мекендерді көркейту, көгалдандыру» бағдарламасына «Жалағаш қызмет» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұстау шығындары үшін бағытталған.

2023 жылдың қорытындысымен аудан бюджетінде қалыптасқан бос қалдық есебінен 10 618,1 мың теңге бюджеттік бағдарламаларға бағытталды. Облыстық бюджеттен берілген трансферттердің үнемделген 570,0 мың теңге қалдығы облыстық бюджетке қайтарылды. Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөліміне Жалағаш кентінде қоқысқа арналған полигон салу (сұрыптау пункті) ТЭН-ге түзету енгізуге ЖСҚ әзірлеу-314,8 мың теңге, мемлекеттік сараптамадан өткізуге-1011,6 мың теңге, Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №3 мекен жайдағы әкімшілік ғимаратқа қосымша жылу қазандық ғимаратын салу және оны табиғи газге қосу, жылу жүйесіне жалғау жұмыстарына ЖСҚ әзірлеу және сараптамадан өткізуге 3679,0 мың теңге, Қаракеткен елді мекеніне 150 орындық клуб құрылысы (байланыстыру) бойынша ЖСҚ әзірлеуге (жетіспейтін қаржы) 1342,7 мың теңге. Ауданның дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты "Б. Құлтекенов атындағы жабық бассейн" кәсіпорнына Жаттығу залына спорттық құралдар (жүгіру жолы, пресс орындық, швед қабырғасы, дискілер) сатып алуға 3000,0 мың теңге, кварц құмын алуға 700,0 мың теңге.

«2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің №25 қаулысы 2024 жылдың 19 ақпанда шыққан.

2) «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 15 мамырдағы №19-3 шешімімен 2023 жылдың қорытындысымен аудан бюджетінде қалыптасқан бос қалдық есебінен 27 995,1 мың теңге, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген және қысқартылған 12 349,0 мың теңге, барлығы 40 344,1 мың теңгенің 35 692,0 мың теңгесі қайта бағытталды. Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне Қаракеткен елді мекеніне аудандық маңыздағы кіре беріс жолды жарықтандыру құрылысы (конкурс жариялауға) 100,0 мың теңге, Жалағаш кентінде №246 орта мектеп қазандығын табиғи газға ауыстыра отырып реконструкциялау, Жалағаш кентінде №123 орта мектеп қазандығын табиғи газға ауыстыра отырып реконструкциялау (конкурс жариялауға) 200,0 мың теңге, М.Шаменов ауылында Тәшімбетов көшесінің автомобиль жолын салу, Ақсу ауылы М.Әуезов Т.Қожағұлов, Ақбөгет

көшелерінің құрылысы, Аққұм елді мекенінің айналма жолын реконструкциялау (конкурс жариялауға) 300,0 мың теңге, Таң ауылдық округіндегі Мүсірәлі баба, Орынбай жырау, Қ.Құлмаханов, Сегізбай би, А.Мықтыбаев, Ж.Жабаев, С.Сейфуллин, Оң жағалау, Сол жағалау көшелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарына 7552,5 мың теңге, Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөліміне "Жалағаш кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу" құрылысына авторлық және техникалық қадағалауға жетіспейтін қаржы 200,0 мың теңге, Аламесек ауылдық округі, Есет батыр елді мекеніне ауыз су жүйесін жаңғырту және кеңейту құрылысы (конкурс жариялауға) 100,0 мың теңге, 100 орындық орталық аурухана, 20 орындық жұқпалы аурулар ауруханасы, аусымына 250 келушіге арналған емхана (конкурс жариялауға) 100,0 мың теңге, Ақтерек-170 га учаскесінде тұрғын үй секторының инженерлік инфрақұрылымын салу (ПС-35/10 кВ электрмен жабдықтау желісінің қосалқы станциясы-2-кезең, қосалқы станция (конкурс жариялауға) 100,0 мың теңге, Аққыр" каналына су шаруашылығы жұмыстарын жүргізу (конкурс жариялауға) 100,0 мың теңге, Мәдениет елді мекенінде су тарату жүйесінен аула ішілік су тарату желісін кеңейту, тұтынушыларға су тарату желісінің құрылысының техникалық паспорттын әзірлеуге 3139,0 мың теңге, Жалағаш кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу (жер пайдалану құқығын беретін акт, техпаспорт әзірлеуге) 782,0 мың теңге, Жалағаш кенті, "Ақтерек" учаскесі 170 гектарға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (газбен жабдықтау желілері) құрылысының техникалық паспорттын әзірлеуге 1928,4 мың теңге, Жалағаш кенті, "Ақтерек" учаскесі 170 гектарға және Ақсу, Қаракеткен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (электрмен жабдықтау желілері) құрылысы (бағалау есебіне) 1300,0 мың теңге, Жалағаш кентіндегі орталық стадионды қайта жаңғырту және кеңейту жұмыстарының ЖСҚ-сын сараптамадан өткізуге 2100,0 мың теңге, Ауданның дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің аппараттың ағымдағы шығынына 2273,0 мың теңге, Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйіне сахна киімін тіктіруге 3997,0 мың теңге, кілемше (ковролан)-3637,1 мың теңге, дизельді генератор алуға-4483,0 мың теңге, Ауданның ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің ағымдағы шығындарына 2500,0 мың теңге.

«2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің №102 қаулысы 2024 жылдың 23 мамырында шыққан.

3) «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 31 шілдедегі №22-1 2023 жылдың қорытындысымен аудан бюджетінде қалыптасқан бос қалдық есебінен 4693,1 мың теңге, 2024 жылы осы кезеңге

бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген және қысқартылатын 115 665,4 мың теңге, барлығы 120 358,5 мың теңге қайта бағытталған.

Аудандық мәслихат аппаратына ағымдағы шығындарына 220,0 мың теңге, мемлекеттік органның күрделі шығыстарына 2337,0 мың теңге, аудан әкімі аппаратының ағымдағы шығындарына 5077,3 мың теңге, ауданның экономика және қаржы бөлімінің ағымдағы шығындарына 1500,0 мың теңге, ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің ағымдағы шығындарына 1023,0 мың теңге, ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінің жарық шамдарын ауыстыруға 1800,0 мың теңге, көрермендер залындағы 400 дана орындықтарын қаптау жұмыстарына-3500,0 мың теңге, Жалағаш ауданының 85 жылдық мерейтойының іс-шарасына-20 000,0 мың теңге, Есет батыр ауылдық клубына бейнекамера орнатуға-2486,4 мың теңге, Аққошқар ауылдық клубына ағымдағы жөндеу жұмыстарына - 8103,9 мың теңге, ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ағымдағы шығындарына 13 714,3 мың теңге, Ақтерек 170 гектарға инженерлік-инфрақұрылымға жаяу жүргіншілер тротуарына сараптамасымен ЖСҚ әзірлеуге 18391,0 мың теңге, ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің ағымдағы шығындарына 1487,6 мың теңге, Кентті абаттандыру-16 060,0 мың теңге, Қаракеткен елді мекенінің көше учаскесінің жабынын ағымдағы жөндеуге-13982,0 мың теңге Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ғимаратының жылу жүйесін газға ауыстыруға жетіспейтін қаржы 10676,0 мың теңге.

«2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің №172 қаулысы 2024 жылдың 8 тамызында шыққан.

4) «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 қазандағы №25-2 шешімімен аудан бюджетінің шығыс бөлігінен 2024 жылы осы кезеңге бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген және қысқартылатын 128 648,5 мың теңгені қайта бағытталған.

Аудан әкімі аппаратының ағымдағы шығындарына 16 432,0 мың теңге, ауданның экономика және қаржы бөлімінің ағымдағы шығындарына 3741,0 мың теңге, ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің ағымдағы шығындарына 126,5 мың теңге, кентішілік маршруттарын субсидиялауға 2651,0 мың теңге, Қаракеткен және Далдабай елді мекендеріне газ құбырын және орамшілік газ тарату желілерін салуға 100,0 мың теңге, ауданның полиция бөлімінің ғимаратына газ оттығын орнату мен жабдықтарын алуға 9890,5 мың теңге, Бұқарбай батыр елді мекеніне газ құбыры мен орамшілік газ тарату желілеріне әзірленген ЖСҚ-ны мемлекеттік сараптамадан өткізуге 2787,0 мың теңге, кенттегі абаттандыру

жұмыстарына 53849,0 мың теңге, кент теңгеріміндегі тұрғын үйдің жөндеу жұмыстарына 8500,0 мың теңге, ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі аппараттың ағымдағы шығындарына 2653,0 мың теңге, ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ағымдағы шығындарына 1899,0 мың теңге, инвентар қызметіне 1207,5 мың теңге, тірек қозғалыс аппараты бұзылған мүгедектерге арналған жөргектермен қамтамасыз ету 15612,0 мың теңге, ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты «Руханият» орталығының ағымдағы шығындарына 1000,0 мың теңге, Қ. Қазантаев атындағы мәдениет үйіне дизель отынына 290,0 мың теңге, жылуға (газ) 500,0 мың теңге, күрделі шығынына музыкалық аспаптар алуға 660,0 мың теңге, ауданның дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты «Наркескен» спорт клубына облыстық спорт жарыстарына қатыстыруға 2980,0 мың теңге, ауданның қоғамдық даму бөліміне қарасты «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің ағымдағы шығындарына 1000,0 мың теңге, ауданның ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің ағымдағы шығындарына 1663,0 мың теңге, ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ағымдағы шығындарына 1107,0 мың теңге.

«2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің №228 қаулысы 2024 жылдың 4 қарашада шыққан.

5) «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №28-1 шешімімен бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген және қысқартылған 61 671,4 мың теңге сәйкесінше бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне қайта бағытталған.

Бағытталған қаржылар: Аудан әкімі аппараты бойынша: аппараттың ағымдағы шығындарына 1936,0 мың теңге, ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне кенттегі 11 көшені жөндеуді бастауға 100,0 мың теңге, Еңбек ауылындағы 3 көшенің жөндеу жұмыстарына 100,0 мың теңге, М.Шаменов елді мекенінің кіре-беріс көшелерінің оң жақ, сол жақ беті жөндеу жұмыстарын бастауға 100,0 мың теңге, Бұқарбай батыр елді мекенінің ішкі көшелерін жарықтандыру жұмыстарына 100,0 мың теңге, Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ағымдағы шығындарына 984,5 мың теңге, Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне Таң ауылдық клубының сахна мен дәлізге перде тіктіруге 2336,0 мың теңге, Таң ауылдық клубына орындықтар алуға 7490,0 мың теңге, «Руханият орталығы» кәсіпорнының ағымдағы шығындарына 688,4 мың теңге, ауданның қоғамдық даму бөлімінің ағымдағы шығындарына 2200,0 мың теңге, ауданның экономика және қаржы бөлімі бойынша кент әкімі аппаратының ағымдағы шығындарына 1681,6 мың теңге, Аққыр елді мекеніндегі спорттық жаттығу алаңы құрылысын жүргізуге жерге орналастыру

жобаларына жер актілерін әзірлеуге 366,0 мың теңге, Таң ауылдық округі аппараттың ағымдағы шығындарына 900,0 мың теңге, Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару бойынша 7187,4 мың теңге, ауданның дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты «Наркескен» спорт клубына облыстық спорт жарыстарына қатысуға 427,5 мың теңге, ауданның ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне жас мамандарға көтерме жәрдемақыға 35074,0 мың теңге.

«2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің №273 қаулысы 2024 жылдың 10 желтоқсанда шыққан.

2024 жыл көлемінде аудандық бюджетке аудан әкімдігінің қаулыларымен 13 рет түзету жүргізілген.

1) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 7 ақпандағы №24 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №18 қаулысымен 2023 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттен бөлінген қаржыдан 569,8 мың теңге пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасы, республикалық бюджеттен берілген трансферттердің үнемделген 0,2 мың теңге облыстық бюджетке қайтарылып, облыстық бюджеттен 46 498,6 мың теңге даму трансферттері бағытталған. Атап айтқанда:

-«Жалағаш кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы» жобасын қоса қаржыландыруға 29 197,6 мың теңге;

-«Таң елді мекенін шаруашылық - ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларын өндіруге арналған №2-Т барлау-пайдалану ұңғымасын бұрғылау» жобасына жетіспейтін 17 301,0 мың теңге(жоба құны 47,3 млн теңге):

2) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 29 ақпандағы №39 қаулысына «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы

әкімдігінің 2024 жылғы 4 наурыздағы №38 қаулысымен облыстық бюджеттен бөлінген 377 418,0 мың теңге қысқартылып, 272 300,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттері бағытталған. Атап айтқанда:

-«Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген 377 418,0 мың теңге қысқартылған (Таң ауылындағы мәдениет үйін күрделі жөндеуден);

-«Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» бюджеттік бағдарламасына 127 200,0 мың теңге бағытталған (Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйін күрделі жөндеуге);

-«Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» бюджеттік бағдарламасына 145 100,0 мың теңге бағытталған.

3) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 3 сәуірдегі №58 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 5 сәуірдегі №65 қаулысымен негізінде республикалық бюджеттен бөлінген несиелердің пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 1527,0 мың теңге қаржы облыстық бюджетке қайтарылған.

4) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 28 мамырдағы №87 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 10 маусымдағы №123 қаулысымен облыстық бюджеттен бөлінген қаржыларға өзгерістер енгізілген.

Қысқартылған қаржылар:

Таң-Самұрат аудандық маңызы бар автомобиль жолын қайта жаңғыртудан 118 834,0 мың теңге;

Т.Жүргенов ауылдық мәдениет үйін күрделі жөндеу-145 100,0 мың теңге, Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйін күрделі жөндеу-127 200,0 мың теңге;

Бағытталған қаржылар:

Таң ауылында 10 дана екі пәтерлік тұрғын үйге көше жарығы бар кірме автомобиль жолын салуға 105 704,6 мың теңге;

Жалағаш кентіндегі №123 орта мектебінің-27082,6 мың теңге, №246 орта мектебінің-15 432,3 мың теңге қазандығын табиғи газға ауыстыра отырып реконструкциялау;

Таң ауылындағы мәдениет үйін күрделі жөндеуге 350 275,4 мың теңге бағытталды.

Ішкі қарыздар есебінен:

Жалағаш ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандарға кейіннен жалға беру үшін дайын тұрған үйді сатып алуға 1 421 421,0 мың теңге.

5) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 19 маусымдағы №102 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 24 маусымдағы №134 қаулысымен облыстық бюджеттен бөлінген 849 907,0 мың теңге нысаналы даму трансферттері бағытталған. Атап айтқанда:

Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша:

Ақсу-365 691,0 мың теңге, Шәменов-484 216,0 мың теңге елді мекендерінде тартылған газ құбырын және газ тарату желілерін салуға;

6) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 шілдедегі №125 қаулысы «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 13 тамыздағы №174 қаулысымен 2024 жылғы 26 шілдедегі №125 қаулысы негізінде облыстық бюджеттен бөлінген қаржылардан 369 459,0 мың теңге ағымдағы және нысаналы даму трансферттері қысқартылып, 4 315,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттері бағытталған. Атап айтқанда:

Қысқартылған қаржылар:

Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша Шәменов елді мекенінде тартылған газ құбырын және газ тарату желілерін салудан-3490,0 мың теңге, Жалағаш кентіндегі №123 орта мектебінің қазандығын табиғи газға ауыстыра отырып

реконструкциялаудан-569,0 мың теңге, Жалағаш кентінде №246 орта мектебінің қазандығын табиғи газға ауыстыра отырып реконструкциялаудан-329,0 мың теңге, Таң елді мекенін шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жер асты суларын өндіруге арналған №2-Т барлау-пайдалану ұңғымасын бұрғылаудан 47 301,0 мың теңге, Есет батыр ауылындағы Т.Бисембаев, Бөлебай би, Өмірбай шешен, Жаңа жарма, Сарман батыр көшелерін күрделі жөндеуден 27844,0 мың теңге, Жаңақоныс-Таң елді мекеніне кіре-беріс автомобиль жолдарын реконструкциялаудан-287603,0 мың теңге, Таң ауылында 10 дана екі пәтерлік тұрғын үйге көше жарығы бар кірме автомобиль жолын салудан-2323,0 мың теңге;

Бағытталған қаржылар:

Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бойынша өңірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек көрсетуге 4 315,0 мың теңге;

7) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысымен 2024 жылғы 2 қыркүйектегі №147 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 31 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 12 қыркүйектегі №192 қаулысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан бөлінген қаржылардан 22 129,0 мың теңге нысаналы даму трансферттері қысқартылған. Атап айтқанда:

Қысқартылған қаржылар:

Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша:

Мырзабай ахун ауылының тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын (электр беру желілерін) салудан-6481,0 мың теңге, Есет батыр ауылының тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын (электр беру желілерін) салудан-7154,0 мың теңге, Т.Жүргенов ауылының тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын (электр беру желілерін) салудан-8494,0 мың теңге;

8) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің жылғы 29 қазандағы №167 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23

желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 7 қарашадағы №230 қаулысымен облыстық бюджеттен бөлінген қаржылардан 20 531,4 мың теңге ағымдағы және нысаналы даму трансферттері қысқартылып, 128 012,4 мың теңге ішкі қарыздар есебінен бағытталған. Атап айтқанда:

Қысқартылған қаржылар:

Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын (электр беру желілерін) салудан –Мырзабай ахун-719,8 мың теңге, Есет батыр-795,0 мың теңге, Т.Жүргенов-943,9 мың теңге, ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша Таң ауылында 10 дана екі пәтерлік тұрғын үйге көше жарығы бар кірме автомобиль жолын салудан 51,0 мың теңге, аудандық маңызы бар Шаменов елді мекеніне кіре-беріс автомобиль жолын күрделі жөндеуден 6794,0 мың теңге, ауданның қоғамдық даму бөлімі бойынша облыс тұрғындары арасында діни ағартушылық жұмыстарын жүргізу» әлеуметтік жобасын іске асырудан 3390,2 мың теңге, ауданның жұмыспен қамту және бағдарламалар бөлімі бойынша өңірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек көрсетуден-4 788,5 мың теңге, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартудан-1174,0 мың теңге, санаторлы-курорттық емделу қызметін алатын мүгедектігі бар адамдарға ілесіп жүрушілердің шығындарын өтеу үшін әлеуметтік көмектен 1875,0 мың теңге.

Бағытталған қаржы:

Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша ішкі қарыздар есебінен Жалағаш ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрғандарға кейіннен жалға беру үшін дайын тұрған үйді сатып алуға 128012,4 мың теңге.

9) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 қарашадағы №178 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 29 қарашадағы №260 облыстық бюджеттен ішкі қарыздар есебінен бөлінген қаржыдан 616,0 мың теңге қысқартылып, 148 064,0 мың теңге бағытталған. Атап айтқанда:

Қысқартылған қаржылар:

Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша 616,0 мың теңге Жалағаш

кентіндегі Үркінбаев көшесіндегі №1, 2 тұрғын үйді күрделі жөндеуден 616,0 мың теңге.

Бағытталған қаржы:

Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша тұрғын үй сатып алу үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредит 148 064,0 мың теңге.

10) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы қазандағы №186 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №277 қаулысымен облыстық бюджеттен бөлінген қаржылардан 41881,7 мың теңге ағымдағы және нысаналы даму трансферттері қысқартылған. Атап айтқанда:

Қысқартылған қаржылар:

Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша Жалағаш кентінің бас жоспарына түзету енгізу, Бұқарбай батыр, Мәдениет, Есет батыр ауылдық елді мекендердің дамыту және салу схемаларына (оңайлатылған бас жоспарларына) түзетулер енгізу, Жалағаш кенті «Наурыз» 110 га және «Дәуімбай-2» 68,0 га учаскелерінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеуден 34 167,0 мың теңге, ауданның жұмыспен қамту және бағдарламалар бөлімі бойынша мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартудан 100,0 мың теңге, ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бойынша "Таң ауылындағы мәдениет үйі" КМҚК күрделі жөндеуден 7614,7 мың теңге.

11) «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 19 желтоқсандағы №278 қаулысымен секвестрлеу жасалған.

Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының 2024 жылғы 17 желтоқсандағы №МСБ-058-1-7/643-и хатымен жергілікті кірістер болжамы 66 000,0 мың теңгеге орындалмайтынын мәлімдеді. Осыған орай ҚР Бюджет кодексінің 110 бабына сәйкес төмендегі бюджеттік бағдарламалар бойынша секвестрлеу ұсынылған.

Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша -001 «Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан – 2 907,0 мың теңге, -045 «Аудандық маңызы бар автомобиль

жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасынан – 42 032,5 мың теңге, 023 «Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан - 852,0 мың теңге 024 «Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасынан - 1 010,4 мың теңге ауданның экономика және қаржы бөлімі бойынша 012 «Ауданның жергілікті атқарушы органының резерві» бюджеттік бағдарламасынан – 18 598,1 мың теңге қысқартылып, сәйкесінше ауданның жергілікті кірістер бөлігінің «Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық» 104101 коды бойынша 65 400,0 мың теңгеге қысқартылған.

12) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №63 шешімін іске асыру туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №222 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №197 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №281 қаулысымен Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша тұрғын үй сатып алу үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттен 59 225,6 мың теңге қысқартылған.

13) «Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №63 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №202 қаулысы негізінде «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №289 қаулысымен ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша тұрғын үй сатып алу үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттен 72 283,7 мың теңге қысқартылған.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша аудандық мәслихат шешімдері, аудан әкімдігінің қаулылары, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері, бюджеттік бағдарламалары және т.б. құжаттар қаралды.

**1-Тармақ.** Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» кодексінің 79-бап, 2-тармағының «жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджет туралы заңды және жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы қаулылары (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімі) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, тиісті әкімшілік-

аумақтық бірлік әкімінің аппаратына, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне – бюджеттің уақтылы атқарылуын қамтамасыз ету жөнінде, жергілікті атқарушы органдарға және тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің аппаратына жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер мен кредиттерді пайдалану бөлігінде тапсырмаларды көздейді-деген талаптары сақталмай, «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы №12-2 шешімін іске асыру туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 29.12.2023 жылғы №245 қаулысында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бюджеттің уақтылы атқарылуын қамтамасыз ету жөнінде, нысаналы трансферттер мен кредиттерді пайдалану бөлігінде тапсырмалар көзделмегені анықталды. (№1-қосымша, қаулы көшірмелері, сектор меңгерішісі түсінігі – 3 парақта).

Бұзушылық аудан әкімдігінің қаулысының жобасын дайындағанда жауапты мамандардың «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің» талаптарына мән бермеуден орын алған.

**2-Тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» 69-тармағының талаптары сақталмай, 11 бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің 2024-2026 жылдарға арналған бюджеттік өтінімінің түсіндірме жазбасында қамтылатын ақпараттар жазылмағаны, тек жұмсалатын қаржылардың бағыттары мен сомаларын жазумен шектелгені анықталды. Атап айтқанда, «Жалағаш аудандық мәслихат аппараты» КММ-нің, «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» КММ-нің, «Жалағаш аудандық экономика және қаржы бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық қоғамдық даму бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ-нің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік өтінімінің түсіндірме жазбаларында есепті қаржы жылындағы қол жеткізілген нәтижелер көрсеткіштерінің, орын алып отырған проблемалардың ағымдағы жай-күйінің, жағдайды жақсарту және проблемаларды шешу, мемлекеттік органның даму жоспарының жобасында айқындалған мақсаттарға және жоспарланған нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдарының, бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен жоспарланған түпкілікті нәтижелерінің сипаттамалары көрсетілмей, тек жоспарланған қаражаттың ерекшеліктер бойынша жұмсалуды мен сомалары ғана көрсетілгені анықталды. (№2 қосымшада дәлелді құжаттар 43 парақта, түсіндірме жазбаларының көшірмесі, түсінік).

Бұзушылық Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының» талаптарын есепші мамандардың және бюджеттік өтінімдерді қабылдаған статист маманның тарапынан сақтамауы салдарынан орын алған.

#### 4. Аудандық бюджетке түскен түсімдердің атқарылуын бағалау.

##### 4.1. Салықтық түсімдерді талдау.

Аудандық бюджеттің кірістер болжамы 9 561 595,0 мың теңге көлемінде бекітілген. Жыл көлемінде 9 916 753,4 мың теңгеге түзетілген немесе 355 158,4 мың теңгеге көбейген, оның ішінде салықтық түсімдердің көлемі 88 668,0 мың теңгеге кеміген, трансферттер түсімінің көлемі 7 563 657,0 мың теңгеге бекітіліп, 8 012 619,4 мың теңгеге түзетілген немесе 449 003,4 мың теңгеге көбейсе, салықтық емес түсімдердің көлемі 7273,0 мың теңгеге көбейген, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер көлемі 12450,0 мың теңгеге азайған.

Аудандық бюджеттің түзетілген кірістер болжамы 9 913 064,4 мың теңгеге, немесе 100,0 пайызға орындалып, 3 689,0 мың теңге кем түскен, оның ішінде салықтық түсімдері 98,7 пайызға орындалып, 24 225,4 мың теңгеге кем, салықтық емес түсімдер 286,9 пайызға орындалып, 20 766,9 мың теңге артық, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 95,2 пайызға орындалып, 230,6 мың теңге кем түскен, ал трансферттер түсімі 100 пайызға орындалған. (мың теңгемен)

Кірістердің атауы	Бекітілген жоспар	Нақтыланған жоспар	Түзетілген жоспар	Атқарылуы	%	Артық, кем түскені
Салықтық түсімдер	1 976 848,0	1 953 580,0	1 888 180,0	1 863 954,6	98,7	-24 225,4
Салықтық емес түсімдер	3 840,0	11 113,0	11 113,0	31 879,9	286,9	+20 766,9
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	17 250,0	4 800,0	4 800,0	4 569,4	95,2	-230,6
Трансферттер түсімі	7 563 657,0	8 054 542,1	8 012 660,4	8 012 660,4	100,0	0
<b>Кірістер</b>	<b>9 561 595,0</b>	<b>10 024 035,1</b>	<b>9 916 753,4</b>	<b>9 913 064,4</b>	<b>100,0</b>	<b>-3 689,0</b>
Оның ішінде Аудандық бюджеттің өз кірісі, %	20,8	19,6	19,2	19,1	100,0	0
Кірістер құрылымындағы трансферт үлесі, %	79,1	80,3	80,7	80,8	100,0	0

Аудандық бюджеттің өз кірістерінің болжамы жыл басында 1 997 938,0 мың теңге болып бекітілген, 1 969 493,0 мың теңгеге дейін нақтыланып 1 904 093,0 мың теңгеге түзетілген, яғни жоспарланған болжам 93 845,0 мың теңгеге азайтылған, түзетілген болжам 1 900 403,9 мың теңгеге, немесе 99,8

пайызға орындалып, -3 689,0 мың теңге кем түскен. Ауданның өз кірістерінің түсімі 2023 жылмен салыстырғанда 111,7 пайызға көбейіп, 199 006,7 мың теңге арттық түскен.

Аудандық бюджеттің кірістерінің құрылымында жоғарғы бюджеттен берілетін трансферттер үлесі 67,2 пайызды, өз кірістері 16,0 пайызды құраған. Өткен жылмен салыстырғанда трансферттер түсімінің үлесі (2023 жылы-93,6%) 3,3 бірлікке азайып, аудандық бюджеттің өз кірістерінің үлесі осы мөлшерге артқан.

2024 жылғы аудандық бюджеттің салықтық түсімдеріне талдау

Салықтық түсімдер болжамы салықтың 5 түрлі санаты бойынша болжамдалып, бекітілген. Оның ішінде табыс салығы 487 663,0 мың теңгені (24,6%), әлеуметтік салық 395 242,0 мың теңгені (19,9%), меншікке салынатын салықтар 1 070 183,0 мың теңгені (54,1%), Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар 17 060,0 мың теңгені (0,8%), мемлекеттік баж 6 700,0 мың теңгені (0,3 %) құраған.

Жыл көлемінде салықтық түсімдер болжамының көлеміне 3 рет өзгерістер енгізілген. Аудандық бюджеттің кіріс көзінен заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салықтан Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 31 шілдедегі №22-1 шешімімен 28 445,0 мың теңгеге 2024 жылғы 04 желтоқсандағы №26-1 шешімімен 5 177,0 мың теңгеге көбейіп, нақтыланған. Сонымен қатар Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 19 желтоқсандағы №278 қаулысымен жүргізілген түзетуге сәйкес 65 400,0 мың теңгеге қысқартылып, нәтижесінде салықтық түсімдердің жылдық болжамы 1 888 180,0 мың теңге болып, бекітілген бюджетпен салыстырғанда 4,4 пайызға кеміп, түзетілген болжам 1,3 пайызға орындалмаған.

2024 жылғы аудандық бюджеттің салықтық түсімдер болжамының орындалуы.

Салықтық түсімдер, мың теңгемен	Бекітілген бюджет	Нақтыланған бюджет	Түзетілген бюджет	салықтық түсімдер үлесі, %	Түзетілген бюджетке		
					орындалғаны	«+»/ «-»	%
Табыс салығы	487 663,0	557 710,0	557 710,0	24,6	628 401,2	70 691,2	112,6
Әлеуметтік салық	395 242,0	376 000,0	376 000,0	19,9	383 151,8	7 151,8	101,9
Меншікке салынатын салықтар	1 070 183,0	974 110,0	908 710,0	54,1	791 137,0	-117573,0	87,1
Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	17 060,0	26 060,0	26 060,0	0,8	30 887,8	4827,8	118,5
Басқа да салықтар					36,7	36,7	

Мемлекеттік баж	6 700,0	19 700,0	19 700,0	1,0	24277,8	4577,8	123,2
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>1 976 848,0</b>	<b>1 953 580,0</b>	<b>1 888 180,0</b>	<b>100</b>	<b>1 863 954,6</b>	<b>-24225,4</b>	<b>98,7</b>

Табыс салығы болжамының 70 691,2 мың теңгеге артығымен орындалуының негізгі себебі 2024 жылдан бастап кіші кәсіпкерлік субъектілерінің табыс салығын төлей бастауынан және шетел азаматтарының ауданға келіп жұмыс жасауынан болған.

Әлеуметтік салық болжамының 7 151,2 мың теңгеге артығымен орындалуының негізгі себебі 2024 жылдан бастап заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің табыстарынан есептелінген салықтардың төлеуінен және салық есептіліктерін 0-к есеппен тапсырған заңды тұлғалардың қосымша салық есептілігін тапсырып төлем жасауынан болған.

Ал меншікке салынатын салықтың орындалмауы жылдан жылға мүлікке салынатын салық амортизациялық шегерімдер жасалып, мүлік құны төмендеп келеді.

Ал мемлекеттік баж салығының 123,2% немесе 24 277,8 мың теңгеге асыра орындалуы уәкілетті органдармен жасалған бақылау есебінен 5309 жеке және заңды тұлғалардан баж алымының түсуінен қалыптасқан.

Сонымен қатар, аудандық бюджетке болжамдалмаған, 4-деңгейдегі кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсуі тиіс 104302 «Жер салығынан» 3 297,0 мың теңге, 104401 «Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салықтан» 2 559,5 мың теңге, 104402 «Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салықтан» 200,3 мың теңге түсім қате түскен.

#### 2024 жылы түскен салықтық түсімдерге талдау, мың теңге

Көрсеткіштер коды	2023 жылға орындалғаны	2024 жыл						2023 ж салыстырғанда, %
		Бекітілген	Нақтыланған	Түзетілген	Түзетілген бюджетке			
					орындалғаны	%	Ауытқу, +/-	
101111	11 327,6	15 460,0	90 460,0	90 460,0	100 564,1	111,2	10 104,1	887,8
101201	454 226,5	472 203,0	466 000,0	466 000,0	472 617,0	101,4	6 617,0	104,0
101202	29 784,3	0	0	0	54 056,3		54 056,3	181,5
101205	883,2	0	1 250,0	1 250,0	1 163,7	93,1	-86,3	131,8
103101	341 752,8	395 242,0	376 000,0	376 000,0	383 151,8	101,9	7 151,9	112,1
104101	765 178,6	1 070 183,0	974 110,0	908 710,0	791 137,0	87,1	-117 573,0	103,4
104102	-86,1				5,1		5,1	-5,9
104302	2 828,1				3 297,1		3 297,1	116,6
104401	1 991,5				2 559,6		2 559,6	128,5
104402	1 231,4				200,3		200,3	16,3
105274	3,0				0,0		0,0	

105284	1 913,5	1 700,0	1 700,0	1 700,0	2 006,6	118,0	306,7	104,9
105315	7 557,5	7 300,0	6 800,0	6 800,0	7 109,6	104,3	309,7	94,1
105402	2 024,8	1 560,0	1 560,0	1 560,0	3 027,3	194,1	1 467,4	149,5
105429	1 362,9	2 500,0	12 500,0	12 500,0	15 092,8	120,7	2 592,8	1 107,4
105434	3 859,1	4 000,0	3 500,0	3 500,0	3 651,3	104,3	151,3	94,6
107110	1,7				36,7		36,7	2164,7
108126	28 436,0	6 700,0	19 700,0	19 700,0	24 277,8	123,2	4 577,8	85,4
<b>жиыны</b>	<b>1 654 276,4</b>	<b>1 976 848,0</b>	<b>1 888 180,0</b>	<b>1 888 180,0</b>	<b>1 863 954,6</b>	<b>98,7</b>	<b>-24225,3</b>	<b>112,7</b>

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша мекеменің «Бюджет түсімдері сыныптамасының ерекшеліктері кесіндісінде 2023 қаржы жылына арналған аудандық бюджет түсімдерінің жылдық болжам сомасын бекіту туралы» бұйрықтары мен деректерді салыстыру актісі, талдамалық есептер, бюджеттің атқарылу қорытындысы жайлы түсініктеме және қаулылар мен шешімдер, 4-20 нысан, 7-БАЕ нысан, 1-27 нысандағы есептер қаралды.

**3-Тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 30.11.2016 жылғы №629 «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нұсқаулықтың 5, 6-тармақтарының талаптары сақталмай, аудит объектісі тарапынан жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің болжамды параметрлердің бірнеше нақтылаулар мен түзетулер енгізуге мүмкіндігі болса да, жоспарланған түсімнің түсуіне бақылау уәкілетті орган тарапынан өз деңгейінде жүргізілмеуінен 2024 жылы салықтық түсімдер 98,7 пайызға, ал 104 101 коды 87,1 пайызға, 101 205 коды 93,1 пайызға орындалуы салдарынан түсімнің орындалмауы фактілері орын алғаны анықталды. (№3-қосымшада дәлелді құжаттар 5 парақта, 12-2 шешімнің, 1,27 нысанның көшірмелері, сектор меңгерушісінің түсінігі).

Бұзушылық Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 30.11.2016 жылғы №629 «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нұсқаулықтың талаптарын мамандардың сақтамауынан орын алған.

**4-Тармақ.** Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 21-бабының, 1-тармағында «Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі – әкімдер) салық төлеуші - жеке тұлға төлейтін мүлік, көлік құралдары салықтарын, жер салығын жинауды ұйымдастырады»-деген талаптарын сақтамай, 2024 жылы аудандық бюджетке болжамдалмаған, 4-деңгейдегі кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсуі тиіс 104302 «Жер салығынан» 3297,0 мың теңге, 104401 «Занды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салықтан» 2559,5 мың теңге, 104402 «Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салықтан» 200,3 мың теңге барлығы 6056,8 мың теңгенің салық төлемдері аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне қате

түскені анықталды. (№4-қосымшада дәлелді құжаттар 5 парақта, 12-2 шешімнің, 1,27 нысанның көшірмелері, сектор меңгерушісінің түсінігі).

Бұзушылықтың орын алуы жауапты орындаушылар тарапынан Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің талаптарына мән бермеуінен орын алып отыр.

#### 4.2. Салықтық емес түсімдерді талдау

2024 жылғы салықтық емес түсімдерінің болжамы 3 840,0 мың теңгеге бекітілген. Жыл көлемінде болжам Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 04 желтоқсандағы №26-1 шешімімен 7 273,0 мың теңгеге артып, 11 113,0 мың теңге нақтыланып, нақтыланған болжам 31 879,9 мың теңгеге немесе 286,9 пайызға орындалып, 20 766,9 мың теңге артық түскен, өткен жылмен салыстырғанда 58,7 пайызға, немесе 13 143,4 мың теңгеге көбейген.

2024 жылы түскен салықтық емес түсімдерге талдау, мың теңге

Көрсеткіштер коды	2023 жылға орындалғаны	2024 жыл				2023 жылмен салыстырғанда
		түзетілген	Орындалғаны	Түзетілгенге орындалу %	Артық, Кем (-)	%
201508	1067	187,0	278,5	148,9	91,5	26,1
201509	86,8	28,0	28,0	100,0	0,0	32,3
201713	144,8	141,0	150,8	107,0	9,8	104,1
201907	38	5,0	5,6	112,7	0,6	14,7
201910	35,4	35,0	35,3	101,0	0,3	100,0
203102	256	79,0	90,3	114,3	11,3	35,3
204114	5531,9		8917,2		8917,2	161,2
204118	2578,9		4234,2		4234,2	164,2
206107	944,3		174,7		174,7	18,5
206109	8053,5	10638,0	17965,2	168,9	7327,2	223,0
	<b>18736,5</b>	<b>11113,0</b>	<b>31879,8</b>	<b>286,9</b>	<b>20766,8</b>	<b>170,1</b>

201 508 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер» коды бойынша 148,9 пайызға, яғни 91,5 мың теңгеге асыра орындалған.

201 713 «Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» коды бойынша 150,8 мың теңге түскен. 201 910 «Коммуналдық меншігіне жататын жер учаскелері бойынша сервитут үшін төлемақы» коды бойынша 35,3 мың теңге түскен.

203 102 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін

ақшаның түсімі» кодына кент, ауылдық округ әкімі аппараттары, аудандық білім бөлімі өткізген мемлекеттік сатып алуды өткізуден 90,3 мың теңге түскен. 204 114 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар» коды бойынша келісім шартта көрсетілген міндеттемелердің уақытылы орындалмауынан 8 917,2 мың теңге түскен. 204 118 «Мамандандырылған ұйымдарға, жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша жергілікті бюджеттен берілген айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» коды бойынша 4 234,2 мың теңге түскен. 206 109 «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» коды бойынша 168,9 пайызға асыра орындап, 17 965,2 мың теңге артық түскен.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша мекеменің «Бюджет түсімдері сыныптамасының ерекшеліктері кесіндісінде 2022 қаржы жылына арналған Аудандық бюджет түсімдерінің жылдық болжам сомасын бекіту туралы» бұйрықтары мен деректерді салыстыру актісі, талдамалық есептер, бюджеттің атқарылу қорытындысы жайлы түсініктеме және қаулылар мен шешімдер, 4-20 нысан, 7-БАЕ нысан, 1-27 нысандағы есептер қаралды.

Бағдарламаның Салықтық емес түсімдерді талдау мәселесі қаралды. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

#### 4.3. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді талдау

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсім болжамы 17 250,0 мың теңгеге бекітілсе жыл көлемінде 4 800,0 мың теңгеге дейін нақтыланып, 4 569,4 мың теңгеге немесе 95,2 пайызға орындалған, нәтижесінде 230,5 мың теңге кем түскен. Негізгі капиталды сатудан түсетін түсім көлемі өткен жылмен салыстырғанда 16,0 пайызға, яғни 23 814,9 мың теңгеге азайған.

(мың теңге)

коды	2023 жылға орындалғаны	2024 жыл				2023 жылмен салыстырғанда, %
		түзетілген	орындалған	%	Артық, Кем (-)	
Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер 301 102	3 412,3	200,0	0,0	0,0	200,0	
Азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдер 301 103	13 000,1	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді же-						-

кешелендіруден түсетін түсімдер 301 107						
Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер 303 101	11 300,7	4 600,0	4 569,5	99,3	30,5	40,4
Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем 303 202	671,4	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
<b>жиыны</b>	<b>28 384,5</b>	<b>4 800,0</b>	<b>4 569,5</b>	<b>95,2</b>	<b>230,5</b>	<b>16,1</b>

301 102 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер» коды бойынша 200,0 мың теңге жоспарланған.

303 101 – «Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер» коды 4 600,0 мың теңгеге жоспарланып, түсім 4 569,5 мың теңгені құраған, болжам 99,3 пайызға орындалған. Өткен жылмен салыстырғанда 40,4 пайызға, 6 731,2 мың теңге кем түскен.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша мекеменің «Бюджет түсімдері сыныптамасының ерекшеліктері кесіндісінде 2024 қаржы жылына арналған Аудандық бюджет түсімдерінің жылдық болжам сомасын бекіту туралы» бұйрықтары мен деректерді салыстыру актісі, талдамалық есептер, бюджеттің атқарылу қорытындысы жайлы түсініктеме және қаулылар мен шешімдер, 4-20 нысан, 7-БАЕ нысан, 1-27 нысандағы есептер қаралды.

Бағдарламаның Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді талдау мәселесі қаралды. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

#### 4.4. Трансферттер түсімдерін талдау

2024 жылға трансферттер түсімі 7 563 657,0 мың теңгеге жоспарланып, 8 054 542,1 мың теңгеге нақтыланған, 8 012 660,4 мың теңгеге түзетілген, 8 012 660,4 мың теңгеге, яғни түзетілген бюджетке 100 пайызға орындалған, Оның ішінде: 21,4 пайызы - ағымдағы нысаналы трансферттер 1 716 256,0 мың теңге, 27,5 пайызы нысаналы даму трансферттері 2 204 334,4 мың теңге

Трансферттердің түсімдері болжамының орындалуы, мың теңге

атауы	2024 жылы түзетілген бюджет	2024 жылы орындалуы	артық, кемі +, -	орында-лу %
Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару 401302	41,0	41,0	-	100
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферт-	0,0	0,0	-	0,0

тердің сомасын қайтару 401307				
Ағымдағы нысаналы трансферттер 402201	1716256,0	1716256,0	-	100
Нысаналы даму трансферттері 402202	2204334,4	2204334,4	-	100
Субвенциялар 402203	4092029,0	4092029,0	-	100
<b>Трансферттер жиыны</b>	<b>8012660,4</b>	<b>8012660,4</b>		<b>100</b>

Ағымдағы нысаналы трансферттер жыл басында 1 826 831,0 мың теңгеге бекітілген бюджет, 1 758 137,7 мың теңге нақтыланғанып, 1 716 256,0 мың теңгеге түзетілген, 100 пайыз толық алынған. Ал нысаналы даму трансферті 1 644 797,0 мың теңгеге бекітіліп, 2 204 334,4 мың теңгеге нақтыланған, 2 204 334,4 мың теңгеге түзетіліп толығымен алынса, субвенциялар 4 092 029,0 мың теңге болып бекітілген, нақтыланғаны және түзетілгені де 4 092 029,0 мың теңге, 100 пайыз толық алынған.

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 10 ақпандағы №14 қаулысына сәйкес, 2024 жылы нысаналы трансферттердің қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) сомалары Мекеменің 13.02.2025 жылғы №4592502/25-105 төлем құжатымен 33 093,6 мың теңге толығымен бюджетке қайтарылған.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша бөлімнің «Бюджет түсімдері сыныптамасының ерекшеліктері кесіндісінде 2024 қаржы жылына арналған Аудандық бюджет түсімдерінің жылдық болжам сомасын бекіту туралы» бұйрықтары мен деректерді салыстыру актісі, талдамалық есептер, бюджеттің атқарылу қорытындысы жайлы түсініктеме және қаулылар мен шешімдер, 4-20 нысан, 7-БАЕ нысан, 1-27 нысандағы есептер қаралды.

Бағдарламаның Трансферттер түсімдерін талдау мәселесі қаралды. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

#### **5. Жергілікті бюджет шығыстарының бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша атқарылуы мен тиімділігін бағалау**

«Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV Кодексінің 12-бабының 1-тармағына сәйкес, шығындар, бюджет кредиттері, қаржы активтерін сатып алу, қарыздарды өтеу бюджеттің шығыстары болып табылады.

2024 жылы аудандық бюджеттің шығыстары 10 019 073,0 мың теңгеге бекітілген, оның ішінде шығындары – 9 553 621,0 мың теңге, бюджеттік кредиттер – 243 958,0 мың теңге, қаржы активтерін сатып алу -0 теңге, қарыздарды өтеу – 221 494,0 мың теңге болып бекітілген. Жыл көлемінде аудан бюджетіне жүргізілген түзетулермен шығыстары 11 959 743,7 мың теңгеге бекітілген, оның ішінде шығындары – 11 494 183,7 мың теңге, бюджеттік кредиттер – 243 342,0 мың теңге, қарыздарды өтеу – 222 218,0 мың теңге болып қалыптасқан.

Аудандық бюджеттің түзетілген шығыстар жоспары 11 959 743,7 мың теңгеге бекітіліп, 11 925 091,8 мың теңгеге, немесе 99,7 пайызға орындалып, 34 651,8 мың теңге игерілмеген (РБ-14,2 мың теңге, ОБ-32 556,9 мың теңге, АБ-2080,7 мың теңге), оның ішінде шығындар жоспары 11 459 532,7 мың теңгеге, 99,7 пайызға орындалып, 34 650,9 мың теңгеге атқарылмаса, бюджеттік кредиттерді өтеу 100 пайызға толық көлемде орындалған, қарыздарды өтеу жоспары 100 пайызға орындалғанмен, 0,9 мың теңгеге орындалмаған.

Бюджет шығыстарының бағдарлама әкімшілері бойынша атқарылуы, мың теңге

Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің коды	Түзетілген жоспар	Орындалуы	Айырмасы	Пайызы
112	77 770,0	77 768,6	1,3	99,99
122	404 407,2	404 057,3	349,8	99,91
451	655 032,8	654 364,1	668,6	99,89
455	1 026 727,8	1 026 723,5	4,2	99,89
458	2 720 150,4	2 719 445,0	705,3	99,97
459	3 314 762,4	3 314 522,4	239,9	99,99
472	2 769 718,8	2 737 052,7	32 666,1	98,82
477	442 361,1	442 358,9	2,1	99,99
493	58 672,0	58 667,8	4,2	99,99
804	352 349,6	352 342,2	7,3	99,99
821	137 791,6	137 789,1	2,5	99,99
<b>жиыны</b>	<b>11 959 743,7</b>	<b>11 925 091,8</b>	<b>34 651,8</b>	<b>99,71</b>

Жалағаш аудандық мәслихат аппараты бойынша 77 770,0 мың теңге бөлініп, 77 768,6 мың теңгеге, яғни 99,99 пайызға игерілген, 1,3 мың теңге жергілікті бюджет қаражаты есебінен басқа себептермен үнемделген. (оның 0,5 мың теңгесі еңбек ақы төлеу қорынан, 0,8 мың теңгесі басқа да үнемдеулер).

Жалағаш ауданы әкімінің аппараты бойынша 404 407,2 мың теңге бөлініп, 404 057,3 мың теңгеге немесе 99,91 пайызға игеріліп, 349,8 мың теңге жергілікті бюджет қаражаты есебінен игерілмеген, үнемделген қаржы (оның 48,6 мың теңгесі еңбек ақы төлеу қорынан, 301,2 мың теңгесі басқа да үнемдеулер).

Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бойынша 655 032,8 мың теңге бөлініп, 654 364,1 мың теңгеге немесе 99,89 пайызға игеріліп, 668,6 мың теңге игерілмеген. Оның 399,3 мың теңгесі облыстық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен, 269,3 мың теңгесі жергілікті бюджет қаражаты есебінен. Оның ішінде: 451 001 «Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан 1,0 мың теңгесі нақты төлемдерден, 451 005 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек», бюджеттік бағдарламасынан 100,0 мың теңге атаулы әлеуметтік көмектен, 451 006 «Тұрғын үйге көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасынан 0,1 мың теңге, 451 007 «Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж

азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасынан 444,7 мың теңге, 451 010 «Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан 31,5 мың теңге, 451 011 «Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу» бюджеттік бағдарламасынан 84,2 мың теңге, 451 017 «Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасынан 0,7 мың теңге, 451 050 «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту» бюджеттік бағдарламасынан 1,7 мың теңге және тағы басқа бюджеттік бағдарламалардан 4,0 мың теңге нақты төлемдерден үнемделген болса, 451 027 «Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасынан 0,7 мың теңге еңбекақы төлеу қорынан үнемделген.

Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бойынша 1 026 727,8 мың теңге бөлініп, 1 026 723,5 мың теңгесі 99,89 пайызға игерілген, 4,2 мың теңге үнемделген. 455 010 «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу» бюджеттік бағдарламасынан 2,7 мың теңге, 455 006 «Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі» бюджеттік бағдарламасынан 0,4 мың теңге басқа себептерден, қалған бюджеттік бағдарламалардан 0,7 мың теңге еңбекақы төлеу қорынан, басқа себептерден 0,4 мың теңге үнемделген.

Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бойынша 2 720 150,4 мың теңге бөлініп, 2 719 445,0 мың теңгесі игерілген немесе 99,97 пайыз, 705,3 мың теңге үнемделген. Үнемделген қаражаттың 1,4 мың теңгесі облыстық бюджеттен трансферттер есебінен, 703,9 мың теңгесі жергілікті бюджет қаражаты есебінен. Оның ішінде: 458 001 «Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан 2,8 мың теңге еңбекақы төлеу қорынан, Атап айтқанда 458-013 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасынан 0,04 мың теңге, 458-022 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасынан 400,0 мың теңге, 458-033 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасынан 200,0 мың теңге, 458-036 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасынан 100,9 мың теңге, 458-045 «Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасынан 0,3 мың теңге, 458-081 ««Кондоминиум

объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру» бюджеттік бағдарламасынан 0,8 мың теңге, нақты төлемнен үнемделген.

Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі бойынша 3 314 762,4 мың теңге бөлініп, 3 314 522,4 мың теңгеге 99,99 пайызға игерілген, 239,9 мың теңге жергілікті бюджет қаражаты есебінен үнемделген. Оның ішінде: 459 001 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан 8,1 мың теңгесі еңбекақы төлеу қорынан, 1,2 мың теңге мемлекеттік сатып алудан, 459 003 «Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету» бюджеттік бағдарламасынан 0,9 мың теңге мемлекеттік сатып алудан, 459 012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бюджеттік бағдарламасынан 197,9 мың теңге жергілікті атқарушы органның бөлінбеген резерві, 459 015 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасынан 0,3 мың теңге мемлекеттік сатып алудан, 459 010 «Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу» бюджеттік бағдарламасынан 31,3 мың теңге нақты төлемнен үнемделген.

Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі бойынша 2 769 718,8 мың теңге бөлініп, 2 737 052,7 мың теңгеге, 98,82 пайызға игерілген, 32 666,1 мың теңгесі игерілмеген. Оның 14,1 мың теңгесі республикалық бюджеттен трансферттер есебінен, 32 156,4 мың теңгесі облыстық бюджеттен трансферттер есебінен, 495,6 мың теңгесі жергілікті бюджет қаражаты есебінен. Соның ішінде 472 001 «Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан 35,8 мың теңге басқа себептермен, 472 004 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасынан 6,5 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген, 472 005 «Коммуналдық шаруашылығын дамыту» бюджеттік бағдарламасынан Полигонға әзірленген ТЭН-ні сараптамадан өткізуге, ТЭН-ге түзету енгізуге жоспарланған қаржы полигонның жобалау сметалық құжаттарының мемлекеттік сараптама қорытындысы дайын болмауына байланысты 100,1 мың теңге, 472 008 «Спорт объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасынан 204,3 мың теңге кенттегі орталық стадионға қайта жаңғыртуға әзірленген ЖСҚ-ны мемлекеттік сараптамадан өткізуге техникалық-экономикалық негіздеменің болмауына байланысты игерілмеген, 472 013 «Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу» бюджеттік бағдарламасынан 2 955,7 мың теңге мердігер жұмыс орындамауынан игерілмеген. 472 036 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасынан 1 169,7 мың теңге мемлекеттік сатып алудан

үнемделген, 472 058 «Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасынан 1092,0 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген, 472 079 ««Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту» бюджеттік бағдарламасынан 29 197,6 мың теңге Жалағаш кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысының аяқталмауына байланысты игерілмеген. 472 098 «Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу» бюджеттік бағдарламасынан 164,6 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген.

Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы жер қатынастары бөлімі бойынша 442 361,1 мың теңге бөлініп, 442 358,9 мың теңгесі игерілген, 99,99 пайызға, 2,1 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген. 477 001 «Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан 1,6 мың теңге, 477 003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасынан 0,5 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемдеулер.

Жалағаш ауданының кәсіпкерлік, және өнеркәсіп бөлімі бойынша 58 672,0 мың теңге бөлініп, 58667,8 мың теңгесі игерілген, 99,99 пайызға, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 4,2 мың теңге басқа себептермен үнемделген.

Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі бойынша 352 349,6 мың теңге бөлініп, 352 342,2 мың теңгесі 99,99 пайызға игеріліп, 7,3 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген. 804 001 «Дене тәрбиесі, спорт және туризм саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан 0,4 мың теңге, 804 005 «Көпшілік спортты және ұлттық спорт түрлерін дамыту» бюджеттік бағдарламасынан 3,9 мың теңге, 804 007 «Облыстық спорт жарыстарында түрлі спорт түрлері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы» бюджеттік бағдарламасынан 2,7 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген.

Жалағаш ауданының қоғамдық даму бөлімі бойынша 137 791,6 мың теңге бөлініп, 137 789,1 мың теңгесі игерілген 99,99 пайызға, 2,5 мың теңгесі жергілікті бюджет қаражаты есебінен үнемделген. Оның ішінде 821 001 «Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан 1,3 мың теңге, 821 003 «Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасынан 0,3 мың теңге басқа себептерден 821 004 «Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасынан 0,1 мың теңге, 821 006 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасынан 0,2 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша деректерді салыстыру актісі, талдамалық есептер, бюджеттің атқарылу қорытындысы

жайлы түсініктеме және қаулылар мен шешімдер, 4-20 нысан, 7-БАЕ нысан, 1-27 нысандағы есептер қаралды.

**5-Тармақ.** Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет кодексі» Кодексінің, 4-бабының 12) тармақшасы «тиімділік қағидаты – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару» - деген талаптары сақталмай Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімі тарапынан 32153,3 мың теңге қаржы игерілмей, бюджет қаражатының жоспарланған түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізілмегені және тиімсіз жоспарлағаны анықталды.

Атап айтқанда:

✓ 1. 472 013 «Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу» бюджеттік бағдарламасынан 2955,7 мың теңге Жалағаш кентінің бас жоспарына түзету енгізу, Бұқарбай батыр, Мәдениет, Есет батыр ауылдық елді мекендердің дамыту және салу схемаларына (оңайлатылған бас жоспарларына) түзетулер енгізу, Жалағаш кенті «Наурыз» 110 га және «Дәуімбай-2» 68,0 га учаскелерінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу мердігер жұмыс орындамауынан атқарылмаған.

✓ 2. 472 079 ««Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту» бюджеттік бағдарламасынан 29197,6 мың теңге Жалағаш кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысының аяқталмауына байланысты игерілмей;

Нәтижесінде жоғарыда аталған 472-013, 472-079 бюджеттік бағдарламалары бойынша жоспарланған қаражатты толық игермеуінің салдарынан бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне, тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізілмей, бюджет қаржысы игерілмей 32153,3 мың теңгенің тиімсіз жоспарлануына әкеп соқтырған. (№5 қосымшада дәлелді құжаттар -6 парақта, 4-20 нысанының, бюджеттік бағдарламалардың іске асыру есептері көшірмелері бюджеттік бағдарлама әкімшісі басшысының түсінігі).

#### **6. Бюджеттік инвестициялық жобалардың жоспарлануы мен атқарылу тиімділігін бағалау**

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №245 қаулысының 4-қосымшасымен 2024 жылға арналған бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі бекітіліп, жыл көлемінде өзгерістер енгізіліп, өзгерістер ескеріле отырып Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 10 желтоқсандағы №273 қаулысының 2-қосымшасымен бекітілген.

2024 жылға арналған бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесіне сәйкес бекітіліп, нақтыланған және түзетілген қаражат мына функционалдық

топтарға бағытталған: Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық функционалдық тобы бойынша 906 961,7 мың теңге, Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік функционалдық тобы бойынша 3 442,7 мың теңге, Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану функционалдық тобы бойынша 1 153 532,9 мың теңге, Көлік және коммуникация бойынша функционалдық тобы бойынша 111 711,3 мың теңге, Басқалар функционалдық тобы бойынша 79 197,6 мың теңге.

2024 жылға арналған аудандық бюджеттің бюджеттік инвестицияларды іске асыруға бағытталған бағдарламасының тізбесі 2024 жылға 1 715 237,0 мың теңгеге жоспарланып, жыл көлемінде аудандық бюджетке жүргізілген түзетулер мен нақтылаулардан кейін 2 254 846,2 мың теңге болып бекітіліп, 2 224 635,2 мың теңгеге немесе 98,7 пайызға орындалған.

Оның 1 007 701,0 мың теңгесі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен, 50 000,0 мың теңгесі республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен, 1 146 633,4 мың теңгесі облыстық бюджеттен берілетін трансферттерден, 50 511,8 мың теңгесі жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылған.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен бөлінген 1 007 701,0 мың теңге қаржының 1 007 697,6 мың теңгесіне міндеттеме алынған, атқарылуы 100% құраған. Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен бөлінген 50 000,0 мың теңгенің 50 000,0 мың теңгесіне міндеттеме алынған, атқарылуы 100% құраған. Облыстық бюджеттен бөлінген 1 146 633,4 мың теңге қаржының атқарылуы 1 117 432,0 мың теңгені немесе 97,4% құраса, 29 201,4 мың теңге игерілмеген. Жергілікті бюджеттен бөлінген 50 511,8 мың теңге қаржының атқарылуы 49 505,6 мың теңге немесе 98,0% құрайды, игерілмегені 1 006,2 мың теңге.

Инвестициялық жобалар бойынша, атап айтқанда:

472-004 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасына 903245,3 мың теңге жоспарланып, Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен 807701,0 мың теңгеге Жалағаш ауданы Мырзабай ахун, Есет батыр, Т.Жүргенов ауылдарында тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын (*электр беру желілерінің*) құрылысы жоспарланып, 807 697,6 мың теңгеге 100 пайызға игерілген, 3,4 мың теңге үнемделген. Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 89744,3 мың теңге жоспарланып, Жалағаш ауданы Мырзабай ахун, Есет батыр, Т.Жүргенов ауылдарында тұрғын үй секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын (*электр беру желілерінің*) құрылысы жұмыс жобаларын қоса қаржыландыруға бөлінген, 89741,2 мың теңгеге игеріліп, 3,1 мың теңге үнемделген, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 5 800,0 мың теңге жоспарланып, нәтижесінде Жалағаш кентіндегі «Ақтерек-170» га тұрғын үй секторының инженерлік кәсіп учаскесінде жаяу жүргіншілер

тротуарларына жобалау-сметалық құжаттамасы әзірлеуге бөлініп, 100,0 пайызға орындалған.

472-005 «Коммуналдық шаруашылығын дамыту» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1426,4 мың теңге бөлініп, 1326,2 мың теңгесі, 93,0% игерілген. 100,2 мың теңгесі Жалағаш кентіндегі күл-қоқыс полигонына әзірленген ТЭН-ні сараптамадан өткізу, ТЭН-ге түзету енгізу жобасы бойынша сараптама қорытындысының кеш берілуіне байланысты игерілмеген. Жоспарланған жоба орындалмаған.

472-008 «Спорт объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы арқылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2100,0 мың теңге Кенттегі орталық стадионға қайта жаңғыртуға әзірленген ЖСҚ-ны мемлекеттік сараптамадан өткізуге бөлініп, 90,3% игерілмеген. Жоба 2022 жылы басталып, мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы «Корпорация Асыл Строй» ЖШС-гімен келісім-шартқа отырып, жұмыстары басталған. Жобаның техникалық экономикалық негіздемесі болмауынан қаражат игерілмеген. Жоба орындалмаған.

472-058 «Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражаты есебінен 100,0 мың теңге Есет батыр елді мекеніне ауыз су жүйесін кеңейтуге ЖСҚ әзірлеуге бөлініп, 100,0% игерілген.

458-033 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы арқылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 200,0 мың теңге Жалағаш ауданы, Бухарбай батыр ауылдық округіндегі көшелерге түнгі жарық бағаналарының құрылысына - 100,0 мың теңге, Жалағаш ауданы, Қаракеткен елді мекеніне аудандық маңыздағы кіре беріс жолды жарықтандыру құрылысына – 100,0 мың теңге бөлініп, игерілмеген. Жобаның техникалық экономикалық негіздемесі болмауынан қаражат игерілмеген. Жоба орындалмаған.

472-011 «Мәдениет объектілерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы арқылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1342,7 мың теңге Қаракеткен 150 орындық, Жаңаталап, 100 орындық ауылдық клуб құрылыстарын салуға ЖСҚ әзірлеуге бөлініп, 100,0% игерілген.

458-036 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасы арқылы Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт есебінен 200000,0 мың теңгеге Жалағаш ауданының Ақсу, Шәменов елді мекендеріне тартылатын газ құбыры мен газ тарату желілерін салынып, 100,0% игерілген. Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 924 360,9 мың теңге «Жалағаш кентіндегі №123 мектеп-лицейі ғимаратының бу қазандығын газбен жабдықтау» жобасының ЖСҚ әзірлеуге- 26513,6 мың теңге, «Жалағаш кентіндегі №246 орта мектеп ғимаратының бу қазандығын газбен жабдықтау» жобасының ЖСҚ әзірлеуге- 15103,3 мың теңге, Ақсу елді мекенінде тартылатын газ құбыры мен газ тарату желілерін салуға- 397434,0 мың теңге, М.Шәменов елді мекенінде тартылатын газ құбырын және газ тарату желілерін салуға- 485310,0 мың теңге жоспарланып, 100 пайызға игерілген, жергілікті

бюджет қаражаты есебінен 25 493,0 мың теңге "Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімі" КММ және аудандық жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" КММ ғимаратарын табиғи газға мердігер «Р и А -Сервис ЛТД» ЖШС ауыстырды. "Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр е/м, жеткізуші газ құбыры мен орамшiлік газ тарату желiлерiн және ШГРП салу" жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешендi сараптама жүргiзiлген.

472-036 «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бюджеттік бағдарламасы арқылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 3679,0 мың теңге, Жалағаш ауданы, желтоқсан көшесі №3 мекен жайы бойынша әкімшілік ғимаратқа бу қазандық салу және оны табиғи газға қосу жобалау-сметалық құжаттары әзірленген.

458-022 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасы арқылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен 8380,7 мың теңге: Жалағаш ауданы, Самара-Шымкент-Мәдениет-Жүргенов-Жаңаталап-Аққыр аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы Қорқытбай каналы арқылы өтетін автомобиль көпірін реконструкциялауға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу-7980,7 мың теңге, Жалағаш ауданының М.Шәменов ауылында оң жақ көше, сол жақ көше кірме жолдан бастап автомобиль жолдарын салуға-100,0 мың теңге, Жалағаш ауданы, Ақсу ауылы, М.Әуезов, Т.Қожағұлов, Ақбөгет көшелерінің құрылысына-100,0 мың теңге, Аққұм елді мекенінің аудандық маңызы бар айналма жолын реконструкциялау жұмыстарына -100,0 мың теңге, Жалағаш ауданының М. Шәменов ауылында Тәшімбетов көшесіне автомобиль жолын салуға-100,0 мың теңге жоспарланып, игерілмеген. Ал облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 103330,6 мың теңге Жалағаш ауданы, Таң ауылы, 10 дана екі пәтерлік тұрғын үйге көше жарығы бар кірме автомобиль жолын салу жобасына бөлініп, 100 пайызға игерілген, 0,1 мың теңге үнемделген, жоба 29.10.2024 жылы қабылданып, аяқталған.

458-064 «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту» бюджеттік бағдарламасы арқылы Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 50000,0 мың теңге, Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі көшелерде автомобиль жолын салу жобасына бөлініп, 100,0% игерілген.

472-079 «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту» бюджеттік бағдарламасы арқылы Облыстық бюджет қаражаты есебінен 29 197,6 мың теңге Жалағаш кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына бөлініп, игерілмеген. Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің берген анықтамасына сәйкес, жоба 2021 жылы басталып, 2022 жылдың маусымында пайдалануға берілуі жоспарланған. Бас мердігер «SCS-Инжиниринг» ЖШС-гі. Құрылыс ұзақтығы 9 ай болып белгіленген, алайда бүгінгі күнге дейін аяқталмаған. Жалпы құрылыстың 98 пайыз жұмысы аяқталып, кіші сәулет пішіндерін жүргізу мен сыртқы көркейту-көгалдандыру жұмыстарын атқару қалған.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан 05.10.2022 жылы сотқа талап арыз жолданып, бірінші саты соты жұмыстың 90 пайызы орындалғандықтан 30.01.2023 жылғы №4360-22-00-2/1987 шешім арқылы жосықсыз қатысушы деп тануды қанағаттандырусыз қалдырған. Ал апелляциялық шағым 06.03.2023 жылы беріліп, 10.05.2023 жылғы №4399-23-00-2а№214 қаулысымен апелляциялық шағым қағаттандырусыз қалдырылған. Сот шешімі мен атқару парағы 19.05.2023 жылы сот орындаушыларға жолданған. Құрылыс жұмыстары әлі аяқталмаған.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша талдамалық есептер, бюджеттің атқарылу қорытындысы жайлы түсініктеме және қаулылар мен шешімдер, 4-20 нысан, 7-БАЕ нысан, 6-БДБ нысан, 1-27 нысандағы есептер, қаралды.

Бюджеттік инвестициялық жобалардың жоспарлануы мен атқарылу тиімділігін бағалау мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

#### **7. Мемлекет активтері мен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдалану тиімділігін бағалау**

2024 жылы Жалағаш ауданының коммуналдық мүлік деңгейінде 48 заңды тұлға тіркелген. Оның ішінде коммуналдық мемлекеттік мекемелер – 31 бірлік, мемлекеттік кәсіпорындар - 17 бірлік.

Жалағаш ауданының коммуналдық мүлік деңгейінде 44 ғимарат (оның ішінде 22 – әкімшілік ғимарат, 15 - мәдениет үйлер мен клубтар, 1 - кітапхана, 3 – спорт клубының ғимараттары, 1 жабық бассейн және 2 бос ғимарат) тіркелген.

Жалағаш ауданының коммуналдық мүлік деңгейінен облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне меншікке (Ақтерек учаскесі-170 га учаскесіндегі электр желісі, Қаракеткен және Ақсу елді мекендеріндегі электр желілері) (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 15 тамыздағы №01-17-465 бұйрығы), №246 орта мектеп ғимараты және т.б нысандары (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 07 қарашадағы №01-17-638 бұйрығымен), №123 мектеп лицейі ғимараты және т.б нысандары (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 07 қарашадағы №01-17-637 бұйрығы);

Ауданның коммуналдық мүлік деңгейіне қабылданған мүліктер бойынша: Техникалық паспорт, мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгісі, тракторист машинист куәлігі, кепілді тіркеу куәлігі (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 29 ақпандағы №01-17-154 бұйрығы), ХТЗ-150К-09 трактор (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 03 сәуірдегі №01-17-223 бұйрығы), ЗИЛ-433362 АЦ 2.5-40 өрт сөндіру автоцистернасы (Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2024 жылғы 5 маусымдағы №102-ө бұйрығы), Экскаватор-погрузчикі және самосвал тіркемесі (Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 03 мамырдағы №72 қаулысы), Жалағаш аудандық РОВД әкімшілік ғимараты және т.б нысандары (Қызылорда облысының экономика және қаржы



басқармасының 2024 жылғы 28 маусымдағы №01-17-378 бұйрығы), Аламесек елді мекенінде орналасқан ескі аурухана ғимараты және дәретхана (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 30 мамырдағы №01-17-320 бұйрығы), Таң елді мекенінде орналасқан аурухана ғимараты, шаруашылық ғимараты және дәретхана (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 06 тамыздағы №01-17-456 бұйрығы), QR код тақтайшалары Мырзабай ао және Ақсу ао (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 22 тамыздағы №01-17-486 бұйрығы), АЦ-3,2-40 Зил өрт сөндіру автоцистернасы және т.б мүліктері (Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2024 жылғы 8 қазандағы №161-ө бұйрығы), Hyundai Santa Fe маркалы автокөлік (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №01-17-763 бұйрығы), 1242 дана кітаптар (Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №01-17-783, 25 мамырдағы №01-17-316 және 25 қарашадағы №01-17-679 бұйрықтары).

Қолданыстағы заңнама шеңберінде Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің бұйрықтары негізінде Жалағаш ауданы әкімдігіне қарасты мекемелерден бір-біріне төмендегі мүліктер мен нысандар: 53 дана тұрғын үй, 9 әкімшілік ғимарат, 6 дана автокөлік, техникалар, жарықтандыру құрылысы, жоба-сметалық құжаттамалар, аурухана ғимараттары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы мен рәміздері және т.б мүліктер берілген.

2024 жылы Жалағаш ауданының коммуналдық мүлік деңгейіне сот шешімі негізінде тәркіленген 3,0 текше метр сексеуіл ағашы қабылданып, №320058 хаттамалары негізінде аукцион арқылы 5,6 мың теңгеге сатылып, бюджетке 5,6 мың теңге түскен.

Ауданның коммуналдық меншігінде тіркелген тұрғын емес жайларды жалға беру бойынша 1 келісім шарт «Сыр медиа» ЖШС-мен жасалып, аудандық бюджетке тұрғын емес жайды жалға беруден түскен түсімі 238,6 мың теңгені құраған.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша талдамалық есептер, мүліктерді коммуналдық меншікке берудің бұйрықтары, алыс-беріс актілері, жалға беру келісім-шарттары, мекемелердің хат алмасулары қаралды.

Бағдарламаның мемлекет активтерінің пайдалану тиімділігін бағалау мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

#### **8. Дебиторлық және кредиторлық берешектерді талдау**

2025 жылдың 01 қаңтарына аудандық бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан дебиторлық және кредиторлық берешектер есептері бойынша ауылдық округ, кенттерді қоспағанда дебиторлық берешек 956,5 мың теңгені, кредиторлық берешек 1,2 мың теңгені құраған.

Дебиторлық берешектерді талдау.

2025 жылдың 01 қаңтарына аудандық бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің дебиторлық берешек сомасы 956,5 мың теңгені құраған. Оның ішінде:

122-001-«Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамсыз ету жөніндегі қызметтер» жергілікті бюджет қаражаты есебінен 111 ерекшелік бойынша еңбекке ақы төлеу 275,9 мың теңге, 151 ерекшелік бойынша коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге 9,3 мың теңге, 152 ерекшелік бойынша байланыс қызметтеріне ақы төлеуге 284,9 мың теңге;

451-001 «Жергілікті деңгейде жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 151 ерекшеліктен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу 2,7 мың теңге, 152 ерекшеліктен байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін 5,4 мың теңге қалыптасқан.

451-027 «Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 152 ерекшеліктен байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін 8,5 мың теңге қалыптасқан.

455-001 «Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 152 ерекшеліктен байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін 0,8 мың теңге қалыптасқан.

455-006 «Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі» бюджеттік бағдарламасы бойынша 151 ерекшеліктен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу 76,9 мың теңге қалыптасқан.

458-001 «Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 152 ерекшеліктен байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін 1,4 мың теңге қалыптасқан.

459-001-«Ауданның экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқарылуы және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 151 ерекшеліктен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу 0,5 мың теңге, 152 ерекшеліктен байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін 5,5 мың теңге қалыптасқан.

477-001-«Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бойынша 152 ерекшеліктен байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін 13,1 мың теңге қалыптасқан.

472-001-«Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 151 ерекшеліктен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу үшін 31,7 мың теңге, 152 ерекшеліктен байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін 1,1 мың теңге қалыптасқан.

804-001-«Дене тәрбиесі, спорт және туризм саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 121 ерекшелік әлеуметтік салық үшін 120,6 мың теңге, 135 ерекшеліктен техникалық персоналдардың және келісім шарттық қызметшілер бойынша жұмыс берушілердің жарналары үшін 116,1 мың теңге қалыптасқан.

821-001 «Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 152 ерекшеліктен байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін 1,2 мың теңге қалыптасқан.

821-003 «Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 152 ерекшеліктен байланыс қызметтеріне ақы төлеу үшін 0,9 мың теңге қалыптасқан.

Кредиторлық берешектерді талдау.

2024 жылдың 31 желтоқсанына кредиторлық берешек сомасы 1,2 мың теңгені құраған. Оның ішінде:

455-006 «Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі» бюджеттік бағдарламасы бойынша 152 ерекшеліктен байланыс қызметіне ақы төлеу 1,2 мың теңге қалыптасқан.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша бөлімнің талдамалық есептер, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептер, 4-20 нысан, ҚЕ-2-КБ-Б, ҚЕ-1-ДБ-Б, 1-27 нысандағы есептер, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің дебиторлық және кредиторлық берешектерді қаралды.

**6-Тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығымен бекітілген Ереженің 178-тармағы «Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі үшін аванстық (алдын ала) төлемге рұқсат етілмейді»- деген талаптары мекемелердің бухгалтерлік есепті жүргізетін мамандары тарапынан сақталмай, 151 ерекшелік бойынша коммуналдық қызметтерге алдын ала төлем жасау салдарынан 5 бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан 2024 жылдың 01 қаңтарына 121,1 мың теңгенің дебиторлық қарыздарының құралуына жол бергені анықталды.

Атап айтқанда, «Жалағаш ауданы әкімдігінің «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» КММ тарапынан сумен қамтамасыз етуге «Сыр Суы» ШЖҚ РМК-на 9,3 мың теңге, «Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ тарапынан газбен қамтамасыз етуге «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-на 31,7 мың теңге, «Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ тарапынан газбен қамтамасыз етуге «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-на 0,5 мың теңге, «Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ тарапынан газбен қамтамасыз етуге «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-на 2,7 мың теңге, «Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ тарапынан газбен қамтамасыз етуге «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-на 2,7 мың теңге,

«Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ тарапынан газбен қамтамасыз етуге «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-на 76,9 мың теңге дебиторлық қарыз қалыптасқан. (№6-қосымша дәлелді құжаттар 22 парақта: салыстырма актілерінің көшірмелері, мекемелердің бухгалтерлік есепті жүргізетін мамандарының түсініктері).

Бұзушылыққа, кемшілікке және жүйелі проблемаларға әкеп соққан себеп-салдарлар, мекемелердің бухгалтерлік есепті жүргізетін мамандары тарапынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығымен бекітілген ереженің талаптарын сақтамау салдарынан бұзушылықтар орын алып отыр.

**7-Тармақ.** Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 103-бабының 1-тармағының «жалақы жұмыскерге жұмыс уақытын есепке алу бойынша жұмыс берушінің құжаттарында есепке алынған нақты жұмыс істеген уақыт үшін төленеді» деген талаптары бұзылған, яғни нақты жұмыс істемеген уақыты үшін еңбекақыдан алдын ала төлем жасау салдарынан 2024 жылдың қорытындысымен 2025 жылдың 01 қаңтарына жасалған қаржылық есептіліктері бойынша «Жалағаш ауданы әкімдігінің «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 122-001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 275,9 мың теңге еңбекақыдан дебиторлық берешек қалыптасқан. (№7-қосымша дәлелді құжаттар 6 парақта: бухгалтерлік баланс көшірмелері, дебиторлық берешек туралы есеп, төлем тапсырмасы, мекемелердің бухгалтерлік есепті жүргізетін мамандарының түсініктері).

Бұзушылыққа, кемшілікке және жүйелі проблемаларға әкеп соққан себеп-салдарлар, мекемелердің бухгалтерлік есепті жүргізетін мамандары тарапынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің талаптарын сақтамау салдарынан бұзушылықтар орын алып отыр.

**9. Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің жылдық қаржылық және бюджеттік есептіліктің белгіленген уақыттарда қабылдануы, дұрыстығы, талдау жасалуы, тиісті органдарға тапсырылуы.**

Жалағаш ауданының бюджетінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықтағы міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларының жасалуы және атқарылуы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіліп, бөлінген қаражаттар тиісті құжаттар негізінде игеріліп отырған.

Жыл көлемінде жеке қаржыландыру жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар тиісті нысанда жасалған мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарын өзгертуге арналған өтінімдер мен анықтамалар негізінде жүргізіліп, мекеменің өзгерістер енгізілген жеке қаржыландыру жоспарлары уақытылы бекітіліп отырған.

2024 жылы бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қаржыландыру жоспары 11 494 183,7 мың теңгеге бекітіліп, 11 459 532,8 мың теңгеге атқарылып, 99,7 пайызға орындалып, 34 650,9 мың теңгесі игерілмей қалған. Игерілмеген қаржының 1 пайызы еңбекақы төлеу қорынан, 41,5 пайызы нақты төлемдерден қалған, 2,6 пайызы өнім берушілердің шарттық міндеттемелерінің толық орындалмауынан, 54,9 пайызы мемлекеттік сатып алудан үнемделген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы №629 «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» Бұйрығымен бекітілген Нұсқаулықтың 26-тармағына сәйкес 2024 жылдың қаңтар-желтоқсан айларына және есепті жылға бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есептер Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес нысанда бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынылып отырған.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары тарапынан 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларына және есепті жылға Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөліміне осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес 1-МУО нысаны бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің атқарылуы туралы талдамалы есептері уақытылы ұсынылып отырған.

Сонымен қатар, Бөлім тарапынан Қызылорда облысының қаржы басқармасына ай сайын есептіден кейінгі айдың 7-сі күнінен кешіктірмей тапсыруға тиісті ай сайын аудан бюджетінің атқарылуы туралы талдамалы есептері бөлімнің шығыс хаттарымен ұсынылып отырған.

«Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы №630 бұйрығына сәйкес, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің айлық, тоқсандық, жылдық бюджеттік есептіліктері тиісті мерзімдерінде тапсырылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №495 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік есепке алуды жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар бюджеттік есепке алуды жүргізуді жүзеге асырады. Соған сәйкес бюджетті атқару жөніндегі барлық операциялар бюджеттік есепке алу шоттарында көрсетілген, бюджеттердің атқарылуы туралы есептердің жасалуы қамтамасыз етілген.

Жалағаш ауданы әкімінің орынбасарының 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №08-2/3569 шығыс хатымен 2025 жылдың 20 қаңтардағы хатымен барлық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары», 2017 жылғы 1 тамыздағы №468 «Қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсыну қағидаларын бекіту туралы», 2016

жылғы 6 желтоқсандағы №640 «Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жылдық шоғырландырылған қаржылық есептіліктерін және 2016 жылғы 2 желтоқсандағы №630 «Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес қаржылық және бюджеттік есептіліктерді 2024 жылғы 17 қаңтарға дейін ұсыну міндеттелген. Барлық бюджеттік әкімшілері көрсетілген уақытқа толық тапсырған. Кешіктіріп тапсыру фактілері орын алмаған.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасына 2025 жылдың 14 ақпанында №08-2/526 шығыс хатымен Жалағаш ауданы бойынша 2024 жылғы бюджеттік есептілігі, шоғырландырылған қаржылық есептілігі тиісті мерзімінен кешіктірілмей қосымшаларымен және түсіндірме жазбасымен қоса тапсырылған.

Мемлекеттік аудит барысында бұл мәселе бойынша қаулылар мен шешімдер, 4-20 нысандар, 7-БАЕ нысан, 6-БДБ нысан, 1-27 нысандағы есептер, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептер, шоғырландырылған бухгалтерлік баланстар, қаржылық қызмет нәтижелері туралы есептер, ақшаның қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы шоғырландырылған есеп, шоғырландырылған қаржылық есептілікке түсіндірме жазба мен дебиторлық, кредиторлық берешегі туралы есептер, Аудандық коммуналдық меншігіне жылжымайтын мүлік нысандарын беру туралы бұйрықтарымен алыс-беріс актілері қаралды.

**8-Тармақ.** ҚР Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» №629 бұйрығымен бекітілген нұсқаулықтың 48 тармағының «Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті осы Нұсқаулықтың 21-қосымшасына сәйкес 4-ББИА нысаны бойынша жасайды және әрбір бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) бөлінісінде қағаз және электрондық тасығыштарда оған түсіндірме жазбамен ұсынылады»-деген талаптары сақталмай, 11 бюджеттік бағдарлама әкімшілері атап айтқанда, «Жалағаш аудандық мәслихат аппараты» КММ-нің, «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» КММ-нің, «Жалағаш аудандық экономика және қаржы бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылыс бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық қоғамдық даму бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту

бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» КММ-нің, «Жалағаш аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» КММ-нің 2024 жылдың бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есепті түсіндірме жазбасы ұсынылмағандығы анықталды. (№8-қосымша дәлелді құжаттар 2 парақта: мекемелердің бухгалтерлік есепті жүргізетін мамандарының түсініктері).

Бұзушылық қаржы бөлімінің бұрынғы есепшісі тарапынан ҚР Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» №629 бұйрығымен бекітілген нұсқаулықтың талаптарын жете меңгермегеннен туындаған.

**2.1.2. Сарапшылардың сараптамалық қорытындыларының қысқаша қорытындылары (ескертулер, бұзушылықтар):** Жоқ

**2.1.3 Үстеме тексерулердің қысқаша нәтижелері:** Жоқ.

### **III. Қорытынды бөлік:**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:**

1) Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы;

Арнайы өлшемшарт: 2024 жылға арналған аудандық бюджеттің жоспарланылуы мен атқарылуының тиімділігі.

2) Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы;

Арнайы өлшемшарт: Бюджеттік бағдарламаларының нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізілуі.

«Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Жалағаш ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітілген Ережеге сәйкес жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Мемлекеттік мекемеге жүргізілген аудит Бюджет Кодексі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ «Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы» қаулысы, 100. Тиімділік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты; 902. Мәслихаттарға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты және өзге де нормативтік құқықтық актілер басшылыққа ала отырып жүргізілді.

2024 жылға арналған Жалағаш ауданының бюджеті 2023 жылғы 25 желтоқсандағы Жалағаш аудандық мәслихатының сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №12-2 шешімімен кірістері – 9 561 595,0 мың теңге, шығындары –9 553 621,0 мың теңге көлемінде бекітілген. Жыл ішінде Жалағаш ауданының бекітілген бюджетіне аудандық мәслихаттың сессиясының шешімдерімен 5 рет нақтыланып өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, республикалық және облыстық бюджет қаражаты, ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 110 575,0 мың теңгеге азайса, нысаналы даму трансферттер есебінен 559 537,4 мың теңгеге көбейген, ал жергілікті салық түсімдері есебінен 88 668,0 мың теңгеге азайған, салықтан тыс түсімдер есебінен 7 273,0 мың теңгеге көбейген, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер есебінен 9 155,0 мың теңгеге азайған, кірістер бөлігі – 9 916 753,4 мың теңгеге нақтыланған.

Жалағаш ауданы бюджетінің 2024 жылғы жалпы кірістер түсімі 9 913 064,5 мың теңгеге (болжам 9 916 753,4 мың теңге) немесе 99,96 пайызға орындалды. Оның ішінде, салық түсімдері 1 863 954,7 мың теңгеге (болжам 1 888 180,0 мың теңге) 98,7 пайызға, салықтан тыс түсімдер 31 879,9 мың теңгеге (болжам 11 113,0 мың теңге) 286,9 пайызға, негізгі капиталдан сатудан түскен түсімдер 4 569,5 мың теңгеге (болжам 4 800,0 мың теңге) 95,2 пайызға орындалып, 4 092 029,0 мың теңге субвенция, 1 716 256,0 мың теңге ағымдағы нысаналы және 2 204 334,4 мың теңге нысаналы даму трансферттер толықтай алынып, 100,0 пайыз орындалған.

Салықтық түсімдер. Аудандық бюджеттің негізін құрайтын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар аударатын «Төлем көзіне ұсталатын жеке табыс салығы» және «Әлеуметтік салық» болып табылады. 2024 жылы 101201 салық жіктемесі бойынша 472 617,0 мың теңге бюджетке түсіп, өткен жылмен салыстырғанда 18 390,5 мың теңгеге артық, 103101 салық жіктемесі бойынша 383 151,9 мың теңге бюджетке түсіп, өткен жылмен салыстырғанда 41 399,1 мың теңгеге артық түсім түскен.

Салықтық емес түсімдер бойынша аудан бюджеті 31 879,9 мың теңгеге (болжам 11 113,0 мың теңге) 286,9 пайызға орындалды. Ауданның коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден 201508 салық жіктемесіне аудан бюджетіне 278,5 мың теңге түсім болды. Сонымен қатар, аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімінің және аудандық жұмыспен қамту орталығы теңгерімдеріндегі аудан орталығында орналасқан тұрғын үйлерді кейіннен сатып алу құқығымен жалға алып отырған тұрғындар есебінен аудан бюджетінің 201509 жіктемесіне 28,0 мың теңге ақша қаражаты түсті. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша берілген кредиттерден құралған өсімпұлдар мен сыйақылар есебінен «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» аудан бюджетінің 201713 және 204118 жіктемелеріне сәйкесінше 150,8 мың теңге және 4 231,2 мың теңге ақша қаражаттарын аударған.

«Транстелеком» акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы Жалағаш ауданы, жер астымен жүргізілген кабель сымдары үшін аудан бюджетінің 201910 жіктемесіне сервитут үшін төлемақы негізінде

35,3мың теңге ақша қаражатын төлеген. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де өсімпұлдарға арналған аудан бюджетінің 204114 жіктемесіне жыл бойына 9 760,5 мың теңге түскен. Аталған қаражаттың 2 167,5 мың теңгесін "Наз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен және басқаларынан 7 593,0 мың теңге түсірген.

Аудан бюджетінің салықтық емес түсімдер бөлігіне түскен ақша қаражаттарының негізгі бөлігін бюджеттің 206109 (Жергілікті бюджетке түсетін салыққа жатпайтын басқа да түсімдер) жіктемесіне түскен түсімдер құрап отыр. Аталған бюджет жіктемесіне Кандидаттардың кепілдік жарналарын аударуынан -3 600,0 мың теңге басқалары – 13343,1 мың теңге аударған. Облыс әкімі аппаратының ішкі аудит бөлімінің жүргізілген тексеру қорытындысы негізінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерден 1022,0 мың теңге ақша қаражаты бюджетке қайтарылған.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша аудан бюджеті 4 569,4 мың теңгеге (болжам 4 800,0 мың теңге) 95,2 пайызға орындалды. Аталған бюджет түсімі бөлімінің негізін құрайтын жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер мен жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемдер жіктемелеріне ақша қаражаттарының түсуі, жер учаскелерін сатуға жарияланған конкурстарға қатысушылардың түсімдерінің есебінен орындалған.

Сондай-ақ, аталмыш бюджеттің кіріс бөлімінің 301102 (коммуналдық меншіктегі объектілерді сатудан түсетін түсімдер) жіктемесіне жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің теңгеріміндегі автокөліктер және ғимараттардан 4 479,8 мың теңге ақша қаражаты түскен.

Жалағаш ауданы бюджетінің шығындары бойынша жоспардың 11 925 091,9 мың теңгесі (түзетілген бюджет 11 959 743,7 мың теңге) игеріліп, 99,7% орындалып, 2025 жылдың 1-ші қаңтарына аудан бюджетінің бақылау шотында 45 993,7 мың теңге бюджет қаражатының қалдығы қалды.

Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеуге бөлінген 76 162,0 мың теңге, толық игеріліп, мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бөлінген 238 134,0 мың теңге бюджеттік кредиттер, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге бөлінген 5 207,1 мың теңге кредит игерілген.

Аудан бюджетінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарлама әкімшілері 2024 жылға бөлінген 11 959 743,7 мың теңгенің 11 925 091,9 мың теңгесін, 99,7% игеріп, 34 651,8 мың теңгесі игерілмеген.

Игерілмеген қаржының 10,9 мың теңгесі республикалық бюджеттің, 3,4 мың теңгесі ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттерінің, 33 082,7 мың теңгесі облыстық бюджеттің, 1 554,8 аудан бюджетінің қаржысы.

Республикалық бюджеттен бөлінген 128 199,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттерінің 128 188,1 мың теңгесі, 100,0% игеріліп, 10,9 мың теңгесі үнемделсе, 50000,0 мың теңге нысаналы даму трансферттерінің 50000,0 мың теңгесі, 100,0% игерілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілген 1 007 701,0 мың теңге нысаналы даму трансферттерінің 1 007 697,6 мың теңгесі, 100,0% игеріліп, 3,4 мың теңгесі үнемделген.

Облыстық бюджеттен бөлінген 1 588 057,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттердің 1 584 175,7 мың теңгесі, 99,8% игеріліп, 3 881,3 мың теңгесі үнемделген. Нысаналы даму трансферттерінен 1 146 633,4 мың теңге беріліп, 1 117 432,0 мың теңгесі, 97,5% игеріліп, 29 201,4 мың теңгесі игерілмеген. Атап айтқанда Кенттегі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жобасын қоса қаржыландырудан 29 197,6 мың теңге мердігер тарапынан жұмыстардың орындалмауынан игерілмеген.

Аудандық бюджеттен бөлінген қаржыдан 8 039 153,3 мың теңгесі (жоспар 8 037 598,5 мың теңге) игеріліп, 99,9% орындалып, 1554,8 мың теңгесі игерілмеген. Атап айтқанда мүгедектігі бар адамдардың бір реттік әлеуметтік көмек алудан 269,2 мың теңге, көлік инфрақұрылымын дамытудан 400,1 мың теңге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластырудан 200,0 мың теңге, газ тасымалдау жүйесін дамытудан 103,4 мың теңге, коммуналдық шаруашылығын дамытудан 100,2 мың теңге, спорт объектілерін дамытудан 204,4 мың теңге, ауданның бөлінбеген резервінен 240,0 мың теңге т.б. үнемделген.

Жалағаш ауданы бойынша 2024 жылға белгіленген нысаналы индикаторлар саны – 9. Оның ішінде: 6 индикатор толық орындалды, 3 нысаналы индикатордың жылдық қорытындысының есебі 2025 жылдың сәуір айында шығады.

Дегенмен, мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV «Бюджет кодексі» Кодексінің, 4-бабының 12) тармақшасы «тиімділік қағидаты – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару» - деген талаптары сақталмай Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөлімі тарапынан 32153,3 мың теңге қаржы игерілмей, бюджет қаражатының жоспарланған түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізілмегені және тиімсіз жоспарлағаны анықталды.

Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарын ішінара бұзушылықтарға жол берілген.

Бұзушылықтар мен кемшіліктер Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Кодексі, Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидала, Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығымен бекітілген Ереженің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 30.11.2016 жылғы №629 «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нұсқаулық, ҚР Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы «Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы» №629 бұйрығымен бекітілген нұсқаулықтардың талаптары сақталмауынан орын алған.

Мемлекеттік аудит барысында мекеменің басшылығына алдағы уақытта бұзушылықтарға жол бермеуді, жауапты лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарап, алдағы уақытта болдырмау жөнінде іс-шаралар қабылдау ұсынылды. Сонымен қатар, алдағы уақытта қызметкерлерді біліктілігін арттыру курстарына жіберіп, білімдерін жетілдіріп отыру қажеттілігі ескертілді.

**3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:** «Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің лауазымды тұлғаларының тарапынан мемлекеттік аудит жүргізуге кедергілер келтірілген жоқ.

**3.3. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:** Жоқ.

**Тексеру комиссиясының жұмыскер (-лері) і:**

Мемлекеттік аудит бөлімінің  
бас инспектор-мемлекеттік аудиторы



Р.Умаров

**Аудиторлық есеп екі данада жасалды:**

1-дана «Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінде. Бланк №000359. 2-дана «Жалағаш ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде. Бланк №000360.

**IV. Қосымшалар:**

1. Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі 2025 жылғы 17 ақпандағы №13.1-2-Т /1 талап;
2. Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі;
3. №1 қосымша - 3 парақта;
4. №2 қосымша - 43 парақта;
5. №3-қосымша – 5 парақта;
6. №4-қосымша – 5 парақта;
7. №5-қосымша – 6 парақта;
8. №6-қосымша – 22 парақта;
9. №7-қосымша – 6 парақта;
10. №8-қосымша – 2 парақта.